



ISSN 1728-7847

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Психология ғылыми-зерттеу институты

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Психология» сериясы

Серия Психология»

№ 1 (26)



Алматы

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая**



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Психология» сериясы

Серия «Психология»

№ 1 (26)

Алматы, 2011

ХАБАРШЫ. «Психология» сериясы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2011. - № 1 (26). - 103-бет.

ВЕСТНИК. Серия «Психология». - Алматы: КазНПУ им.Абая. - 2011. - № 1 (26). - 103 с.

Главный редактор

д.психол.н., академик **Ж.И.НАМАЗБАЕВА**

Редакционная коллегия:

к.психол.н., доцент **З.Ш. Каракулова**

(ответ. секретарь),

д.психол.н., и.о. профессора **Н.С. Шадрин**

д.психол.н., и.о. профессора **О.С. Сангилбаев,**

к.психол.н., доцент **Л.О. Сареснбаева,**

к.психол.н., доцент **Ж.К. Ибраимова,**

к.психол.н., доцент **Г.Т. Бекмуратова**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2011

ЖАЗБАША ТІЛДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Қ.Ү.Шайжанова -

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
психол.ғыл. к., доцент міндетін атқарушы*

Жазбаша тілдің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін, негізгі параметрлердің мәселесі әлі шешілмеген. Зерттеушілер бұл мәселені жазбаша тілдің толық анықтамасымен байланыстырып, ал оның операциялары мен әрекеттерінің қалыптасу мәселелерімен байланыстырылған. Мысалы, Б.Головин /1/ тілдің негізгі сапаларына оның нақтылығын қысқалығын, мәнерлігін, түсініктілігін жатқызады. Н.С.Рожественский /2/ – мазмұндылығын, логикалығын, айқындылығын, мәнерлігін, байлығын жатқызады. М.Львов /3/ – мазмұндылығын, нақтылығын, логикалығын, айқындылығын жатқызады. Бұл сұраққа катысты басқа да көзқарастар бар, бірақ жазбаша тілдің маңызды параметрлерінің келтірілген критерийлері нақты анықталып, айқындалмаған. Шет ел зерттеушілерінде де бұл сұрақ төңірегінде келісімшілік жоқ. Ж.Симон /4/ зерттелушілердің тілін келесі параметрлермен талдайды: сөйлемнің жалпы саны, байланыстылығының жалпы саны, маңызды сөздердің жалпы саны, зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, есімдіктердің сандық ара-қатынасы. Дж. Дримен /5/ – сөздің жалпы саны зат есімдер, етістіктер, сын есімдер және ТТР индексімен. Авторлардың біреуі де тілді зерттеу үшін неліктен дәл осы параметрлерді қолданғанын және олардың қайсысы әрекет пен операциялардың даму деңгейін бағалауға лайықты екендігін түсіндірмейді. Біздің ойымызша, негізгі параметрлерге берілген тіл әрекетіне арналған функциялардың іске асуын қамтамасыз ететін параметрлер жатады. Өз қызметін орындау үшін тіл, мәтін онсыз шықпайтындай қажетті сипаттама құрамына ие болуы тиіс. Біз өте жақсы редакцияланған мәтіннің мазмұнын алып, маңызы жоқ мәтіндерді алып тастап отырдық. Мысалы, байланысы бар мәтінді анықтау үшін, біз мәтін элементтерінің арасындағы барлық байланысты сөздерді алып тастадық. Нәтижесінде бір-бірімен байланыспаған элементтердің қосындысын алдық, яғни әр элемент басқа элементтерге қарағанда семантико-грамматикалық автономдылыққа ие болды. Мәтінді дұрыс түсіну мүмкін болмай қалды. Сондықтан, байланыстылық тілдің негізгі сипаттамаларына жатқызылды.

Бізді жазбаша тіл әрекетінің жүйесіне енетін әрекеттердің даму деңгейіне нұсқау беретін сипаттамалар да қызықты болып көрінді. Мысалы, “сөз тереңділігі” сипаттамасын өзгерту мәтіннің семантикалық тұтастығына әсерін тигізбегенімен, оның санды көрсеткіштерінен сөйлемнің синтаксистік жүйелі құрылу әрекетінің дамуы және оларды таңдау деңгейі жөнінде тұжырым жасауға болады. Ж.Симонның /4/ айтуы бойынша бұл сипаттама жазбаша тілдің грамматикалық жүйесін қалыптастыруда сапалы көрсеткіш

болып есептеледі. Талқылау нәтижесінде мәтіндерді салыстыру үшін келесі параметрлерді тандап алдық: сөздердің жалпы саны, сөйлемдердің жалпы саны, сөйлемнің орташа ұзындығы, сөйлемнің тереңділігі, байланыстылығы, контекстілігі. Осы параметрлердің көмегімен жазбаша тілді қалыптастыру жағдайын тек сапалы бағалап қана қоймай, сандық бағасын да беруге болады. Осы орайда әр параметрдің ерекшелігін қарап, эксперимент жүргізу барысында осы сериясында алынған нәтижелердің көрсеткішін қарап шығайық.

Мәтіндегі жалпы сөз саны. Мәтіннің барлық лексикалық сапалары ескеріледі. Бұл көрсеткіш бойынша жазбаша тілдің даму дәрежесі жөнінде тұтастай тұжырым жасауға болады. Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілі әртүрлі ертегілерді ойлап табуда және белгілі ертегінің жалғасын ойлап шығаруда белсендірек болғаны көрінеді (мысалы, Алматы қаласы 136 қазақ орта мектебінің екінші сынып оқушыларында, ертегі ойлап табуда, орташамен 158 сөз). Ал (белгілі ертегінің жалғасын ойлап табуда, орташамен - 177 сөз). Жазбаша тілдің сюжетті филімді мазмұндау жағдайында жетістігі кем болды. (екінші сыныпта 101 сөз). Тілдің бұл сипаттамасы пейзажды суреттеу жағдайында өте нашар көрінеді. (орташамен, екінші сыныпта 59 сөз).

Сөйлемдердің жалпы саны. Жазбаша ойды жеткізудің өзі жалпы жазбаша тілдің даму дәрежесін көрсетеді. Сөйлемнің жалпы саны “Қағаз адамы” ертегісінің мәтінде көрінеді. (екінші сыныпта 21). “Көк серек ” мәтіндегі параметрлердің орташа саны 19. “Қағаз адамы” ертегінің жалғасын шығару жағдайында (екінші сынып оқушылары 16 сөйлем жазған). “Көкшетау төңірегі” мәтіндегі параметрлердің маңыздылығы өте төмен; (екінші сыныпта 10 сөйлем). Сонымен, жазбаша ойды жеткізуде соңғы екі жағдайдың көрінісі ең нашар деуге болады.

Сөйлемнің орташа ұзындығы. Бұл параметрдің маңыздылығы мәтіндегі барлық сөздер санының сөйлем санына қатысымен анықталады. Берілген көрсеткіштің көлеміне қарай, сөйлемнің синтаксистік құрылымының байлығы немесе кедейлігі жөнінде тұжырым жасауға болады. Оның орташа маңыздылығы едәуір жоғары көрсеткішті “Қаңбақ шал” шығармасында көрінеді. Екінші сыныпта 7,7 сөз. “Қағаз адамы” мәтіндерінде ол бірқатар төмендеу. Сөйлемнің орташа ұзындығы да мәтіндерінде бірдей 6,7 сөз. “Көкшетау төңірегі” мәтінде сөйлемнің орташа ұзындығы 6,4 сөз, ал “Көк серек” мазмұндамасының мәтінде екінші сыныпта 5,4 сөз.

Сөйлем тереңділігі. Бұл параметрлерде синтаксистік құрылымды тудырып және таңдау әрекетінің даму деңгейін көрсетеді. Бірақ бұл жағдайда біз сөйлемнің кеңдігін қарамай, синтаксистердің өзара қатынасын байқаймыз. Біз, өз зерттеуімізде француз ғалымы Л.Тесниердің /6/ әдістемесін өз жағдайымызға, яғни балалардың психологиялық, этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеп қолдандық. Л.Тесниер бойынша, сөйлемнің барлық элементтері бір-бірімен ара-қатынаста болып жатады. Ол сөйлемнің жүйесін құрайды. Бұл ара-қатынас арқылы сөйлемнің мұндай

иерархиялық құрылымын “стемма” түрінде көрсетуді ұсынады. “Стеммада” тереңділіктің үш дәрежесі болуы мүмкін, ал әр дәреже – үш деңгейлі болады. Л.Тесниер сөйлемнің құрылымының өзіндік моделін құрастырған. Мәтіннің синтаксистік күрделілігін “сөйлем тереңділігі” параметрі арқылы анықтау үшін, келесі операциялар жүргізіледі: сөйлемнің жалпы санын есептеу; әр сөйлемнің дәрежесінің санын және оған орай тереңділік деңгейін анықтау; сөйлемнің үйлесуін төменгі қатынас арқылы айқындау.

“Сөйлемнің тереңділігі” орташа маңыздылығы, мәтіндегі сөйлем синтаксистік жүйесінің күрделі дәрежесін көрсетеді. Біз, жазбаша тілде сөйлем құрастыру жағынан шығарма жазғанда өте күрделі болатындығын анықтадық. Тереңділіктің үшінші дәрежесіне ие болған сөйлемдер санын, “Қаңбақ шал” мәтінінде екінші сыныпта 5,2 пайыз; “Қағаз адамы” орташамен 2,4 пайыз; “Көкшетау төңірегі” мазмұнамасында оқушылардың жазған жұмыстары тереңдіктің үшінші дәрежесіне ие болатын сөйлемнің екі пайызына тең болды. Сюжетті филімнің мазмұндамаларында екінші сыныпта “сөйлем тереңділігінің” үшінші дәрежесінің синтаксистік схемалары қолданылмаған.

Байланыстылық. Мәтіндегі сөйлемдер өзара қарым-қатынасты байланыста болып отырады. Байланыс – тілдің сөйлемдерді өзара құрастыратын және оларды семантика – синтаксисті біріктіретін элементі. Байланыс рөлін атқаратын жалғаулықтар, көмекші сөздер, лексикалық қайталаулар, есімдіктер, синонимдер, есімдікті үстеулер және тыныс белгілері. Сонымен, мәтіннің байланыстылығы деп бірлікті қамтамасыз ететін, байланыста көрінетін сөйлемдердің ара-қатынасын айтамыз. Мәтіннің байланыстылығын қалай тексеруге болады? Ж.Симон мәтіндерді ондағы байланысының жалпы санын салыстыруды ұсынады. Ж.Симонның /48/ ойы бойынша, егер мәтінде байланыс саны көбірек болса, мәтін жақсы бола береді. Байланыстылықты сандық қатынаспен өлшеу лайықты, дегенмен, мәтіндегі байланыстың болуы оның байланыстылығының көрсеткіші бола алмайды. Өйткені, мәтіннің ішкі ара-қатынасын көрсетуі әбден мүмкін, ал екінші жағынан, оның ешқандай көрсеткіші болмауы мүмкін. Сондықтан, байланыстылық, оның нені және қалай көрсететінін анықтамай есептеу, мәтіннің байланыстылық дәрежесінің анықтау мүмкіндігін бере алмайды деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша мәтіннің байланыстылығын мазмұнды санды көрсеткішін, екі көрші сөйлемнің қандай мағыналы қатынасқа түсетінін анықтаған жағдайда ғана табуға болады. Бұл қатынас қандай байланыспен көрсетілгенін анықтап, осы байланыстың көрсетілген қатынасқа сай ма, жоқ па, анықтап, байланыстылықпен көрінетін барлық мағыналы қатынасты және мәтіндегі барлық қатынастарды анықтау арқылы ғана мүмкін.

“Қағаз адамы” мәтінінде байланыстылық жағынан, ең жақсы шығармалар болды. Байланыстылық индексі мәтіндерінде, екінші сынып оқушыларының мәні 0,99. “Қаңбақ шал” шығармасында байланыстылық индексі орташамен 0,90; “Көк серек” мазмұнамасында - екінші сыныпта

0,90. Байланыстылығы ең аз болған суреттемелерде - бұл көрсеткіштер зерттелушілерде орташамен 0,51.

Зерттелушілердің жазбаша тіл контекстілігінің өлшемін таңдау келесі нәтижелерді көрсетті: контекстілігі жоғарырақ “Қағаз адамы” шығармалары болып келеді. “Қанбақ шал” және “Көк серек” мәтіндерінде контекстілік индексі бір деңгейде болып көрінеді. Екінші сынып оқушыларында 0,86 және 0,87. Пейзажды суреттеу басқа мәтіндермен салыстырғанда контекстілігі аздау. “Көкшетау төңірегі” мазмұнамасында контекст индексі екінші сынып оқушыларында 0,49 тең. 6 кесте бойынша, творчестволық міндеттер репродуктивтік міндеттерге қарағанда оқушыларды тек кеңірек мәтіндерді құрастыруға итермелеп қана қоймай, сонымен бірге күрделі синтаксистік жүйелеуді құруға да ықпалын тигізеді. Ертегінің жалғасын немесе жаңа ертегіні ойлап тауып отыра, балалар өз тіл әрекеттерінің барлық мүмкіндіктерін қолданған. Сюжетті және суреттеу фильмдерінің мазмұндау репродукция міндеттері – жазбаша тілдің ескерілетін параметрлерінің деңгейі төмендікті көрсетті. Сонымен бірге, екі түрлі фильмдердің мазмұнын мазмұндау көлемімен де, контекстілігімен де, байланыстылығынан басқа параметрлерінде де айырмашылығы болып отырды. Бұл жәйіт мәтін сапасының фильм мазмұны мен сипатына тәуелді екендігін көрсетіп отыр. Суреттеу фильмінің мәтіндерінде көптеген параметрлері бойынша төмен деңгейлі мағынасы көрініп отырды. Біздің ойымызша, мазмұндама жағдайы белгілі деңгейде оқушының жазбаша тілін тудыру процесін топтастырып, оның мәтін мазмұнын ашпай қалады. Мазмұндама жағдайы жазбаша түрде ойын жеткізу процесі мотивацияланбағанның, ол байланысқан мәтінді құрастыру білгірлігін қалыптастыруға қиналады.

Тәжірибеміздің нәтижелері, шығарма жағдайында, демек, мәтінді ырықты түрде құрастыру жағдайында, мәтіннің байланыстылығының, контекстілігінің өте жақсы көрсеткіштері күрделі синтаксистік жүйелі қолданылатыны көрінеді. Бұл жағдайды төменде келтірілген екі зерттелушілердің мәтіндері дәлел болып отыр (мысалы, Қызылорда қаласы, Сәкен Сейдуллин атындағы 4-ші қазақ орта мектебінің 2-ші сынып оқушысы Мырзатаева Гүлнар).

Көрсеткен жұмыстардан, тек “Қағаз адамы” шығармасында зерттелушілердің екеуі де тек салыстырмалы кең мәтіндерді жазып қана қоймай, сонымен бірге өз мағынасы мен синтаксистік жүйесі бойынша күрделі мәтіндерді жазғандары көрініп тұр. Контекстілік параметрі бойынша жаңа ертегіні шығарып жазу белгілі ертегінің жалғасын ойлап табу нәтижелі болып келеді. Ертегіні ойлап табу бағыты, баланы мәтін мазмұнының белсенді құрастыруға ықпалын тигізеді. Сондықтан, мәтіннің ішкі мағыналы жүйесіне де, оны мазмұндау формасына да талап күшейеді. Шығарманы талдау, өз ойынан мәтін жазу, оқушыдан, мазмұнды құрастыру және оның лексико-грамматикалық үйлесін мазмұндау міндеттеріне байланысты, әрекеттерді толық қолдануды талап ететінін көрсетті. Демек, берілген мазмұнды жаңғыртпай өз ойынан ойлап мәтін шығару, оқушыларды мәтіннің

мазмұнын қалыптастыруға бағытталған (мазмұн жоспары) және жазбаша мәтінде ол мазмұнды жаңғырту әрекетіне (жаңғырту жоспары) итермелейді. Сондықтан, бастауыш мектептің екінші сыныбынан бастап шығарма жазу, жазбаша тілді қалыптастыруының негізі болады. Өйткені жазбаша тілдің барлық әрекеті мен операцияларын қоздырып отырады.

“Жапон жануартанушылары құндыздардың мінез-құлқын бақылай отырып, мынадай фактілерді аңғарады. Өлі жыланды көрген құндыз жыланға тарта бас салады. Оны тістелей бастайды, шайнайды. Алайда бұл оның қызығушылығының туындысы емес екен. Жыланның етін шайнап, тістелеп болғаннан кейін ол өзінің терісін майлайды. Бірнеше тәжірибеден кейін ғалымдар мынадай тұжырымға келді: құндыздар осындай тәсілмен басқа жыландардың шабуылынан қорғанады екен”.

Бірінші жаңа жолда жасырын сұрақ – құндыздар жыланның етін жемегеннен кейін, неге бұндай қылықтар көрсетеді. Оны ол не үшін істейді.

Екінші жаңа жолда бұл сұраққа жауап беріледі. Оқып отырған балада екі сұрақ туындауы мүмкін. Біріншісі: қарапайым оқушысы, мәтінді одан әрі оқу барысында сұраққа жауап табады. Екіншісі: ізденімпаз оқушы, сұрақты анықтап алғаннан кейін, өздігінен жауап беруге тырысады. Бұл –“идеалдық оқушы”. Оқу барысында ол өзінің болжамының мәтіндегі сауалына тең келгенін немесе оқу процесі кезінде басына келген кез-келген сауалдарды тексереді. Өзін-өзі бақылау: саналы, түсініп оқу мен зейінділіктің негізгі шарты болып есептелінеді. Өз жұмысын тексеру арқылы оқушы көзқарасын бірнеше аспектіде бақылауға мүмкіншілік алады: мен дұрыс ойладым ба? Дұрыс жауап бердім бе? Барлық сауалдарға жауап бере алмадым ба?

Сонымен, жазбаша тіл барлық әрекет тәрізді басқа әрекеттермен байланысты ғана толық іске енгізе мүмкіндігі болады. Эксперименталдық көрсеткіштер бойынша, бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілі сөздік творчествасымен айналысқанда толығырақ іске еніп ашылуға мүмкіндігі болады. Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін қалыптастыру үшін өздері ойлап мәтіндерді шығару жағдайы, мысалы, ертегілер, оқиғалар жазу өте қолайлы. Өйткені мұнда мәтінді құрастырумен байланысты барлық әрекет пен операциялар барынша белсендіріледі.

Қолданған әдебиеттер:

1. Головин Б.Н. *Язык и статистика*. - М., 1981. - 190б.
2. Рождественский Н.С. *К проблеме развития речи.*//В кн.: *Речевое развитие младших школьников*. - М., 1990. - 121б.
3. Львов М.Р. *Речь младших школьников и пути ее развития*. - М., 1985. - 105б.
4. Simon J. *La Langue ecrite de l'enfant*, - Paris, 1983. -148б.
5. Drieman G.H. *Differences Between Written and Spoken Language*. – *Acta psicologica*, 1982. - 10-12б.
6. Tesniere L. *Elements de syntaxe structurelle*. - Paris, 1972. - 210б.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые особенности развития творческого мышления учащихся путем формирования письменной речи.

Summary

In this consider something peculiarities creativeness thought by child of school age properly from in writing.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИГРЫ ДОШКОЛЬНИКА

**К.Ж. Алина - ПГПИ, Павлодар,
Н.Я.Большунова - НГПУ, Новосибирск**

В статье рассматривается вопрос о значении игры в детские годы жизни ребенка. Игра является тем видом деятельности, в которой формируется его личность. Игра - первая деятельность, которой принадлежит особенно значительная роль в развитии личности, в формировании ее свойств и обогащении ее внутреннего содержания, морально-волевых качеств.

Как известно, слово «личность» (по латыни persona), заимствованное римлянами у этрусков, первоначально означало «роль» (и до того – маску актера), римлянами оно употреблялось для обозначения общественной функции лица (persona patris, regis, accusatoris).

Личность и ее роль в жизни теснейшим образом взаимосвязаны, и в игре через роли, которые ребенок на себя принимает, формируется и развивается его личность, он сам.

Игра теснейшим образом связана с развитием личности, и именно в период ее особенно интенсивного развития – в детстве – она приобретает особое значение.

В ранние годы жизни ребенка игра является тем видом деятельности, в которой формируется его личность. Игра - первая деятельность, которой принадлежит особенно значительная роль в развитии личности, в формировании ее свойств и обогащении ее внутреннего содержания, морально-волевых качеств.

В процессе развития обычно личную значимость и привлекательность приобретают, прежде всего, те действия и те проявления личности, которые, став доступными, еще не стали повседневными. Именно новые, только народившиеся и еще не укрепившиеся как нечто привычные приобретения развития по преимуществу входят в игру[1].

Войдя в игру, и раз за разом совершаясь в ней, соответствующие действия закрепляются, играя, ребенок все лучше овладевает ими: игра

становится для него своеобразной школой жизни.

В результате он в процессе игры развивается и получает подготовку к дальнейшей деятельности. Он играет потому, что развивается, и развивается потому, что играет. Игра – практика развития.

В игре формируются все стороны личности ребенка, происходят значительные изменения в его психике, подготавливающие переход к новой, более высокой стадии развития.

Различные формы серьезной деятельности взрослых служат образцами, которые воспроизводятся в игровой деятельности детей. Игры органически связаны со всей культурой народа, свое отражение они черпают из труда и быта окружающих.

Игра подготавливает подрастающее поколение к продолжению дела старшего поколения, формируя, развивая в нем способности и качества, необходимые для той деятельности, которую им в будущем предстоит выполнять.

У ребенка проявляются и удовлетворяются первые человеческие потребности и интересы, проявляясь в игре, они в ней вместе с тем и формируются.

Формируется воображение, которое включает в себе и отлет от действительности, и проникновение в нее. Способности к преобразованию действительности в образе и преобразованию ее в действии, ее изменению закладываются и подготавливаются в игровом действии, в игре прокладывается путь от чувства к организованному действию и от действия к чувству, словом, в игре, как в фокусе, собираются, в ней проявляются и через нее формируются все стороны психической жизни личности, в ролях, которых ребенок, играя, на себя принимает, расширяется, обогащается, углубляется сама личность ребенка[3]. В игре в той или иной мере формируются свойства, необходимые для учения в школе, обуславливающие готовность к обучению.

Игра является особенно спонтанным качеством ребенка, и вместе с тем вся она строится на взаимоотношениях ребенка со взрослыми. Из общения со взрослыми ребенок черпает и мотивы своих игр. При этом особенно сначала, существенная роль в развитии игр принадлежит подражанию действиям взрослых, окружающих ребенка.

Впоследствии игра, особенно у взрослых, отделившись от неигровой деятельности и осложняясь в своем сюжетном содержании, вовсе уходит на подмостки, в театр, на эстраду, на сцену, отделяясь от жизни рампой, и принимает новые специфические формы и черты.

Игра становится искусством. Это искусство требует большой особой работы над собой. Искусство становится специальностью, профессией. Игра здесь переходит в труд[4]. Внутренний характер и результаты совершающегося в процессе игры развития зависят от того,

какое содержание приобретает игра, отражая окружающую ребенка жизнь взрослых.

Первоначальные ростки творчества могут появиться в различной деятельности детей, если для этого созданы необходимые условия. От воспитания зависит успешное развитие таких качеств, которые в будущем обеспечат участие ребенка в творческом труде.

На проводимых конференциях по дошкольному воспитанию ставился вопрос о том, что уже в дошкольном возрасте надо формировать такие способности, которые требуются для подготовки «умелых работников» во всех областях труда. «...Если мы понаблюдаем, как развивается та или другая способность, то мы видим, что решающим является сплошь и рядом какое-нибудь переживание раннего детства».

Психологические и педагогические исследования, а также практика наших детских садов доказывают, что начало развития творческих способностей детей, падает на дошкольный возраст, когда меняется характер их деятельности по сравнению с ранним детством.

Этот новый вид деятельности Л.С. Выготский характеризует как переход к творческой деятельности, «если иметь в виду тот факт, что во всех видах деятельности дошкольника возникают совершенно своеобразные отношения мысли к действию, именно возможность воплощения замысла, возможность идти от мысли к ситуации, а не от ситуации к мысли. Возьмете ли вы игры, возьмете ли вы рисунки, возьмете ли вы труд, - везде и во всем вы будете иметь дело с совершенно новыми отношениями, которые возникают между мышлением и действиями ребенка»[2].

Воображение старших дошкольников приобретает все более активный характер, у них развивается способность к творческой деятельности. «Это подтверждается и тем, что все большее внимание дети начинают уделять идее, т.е. замыслу своего произведения. Конечно, ни дошкольник, ни даже школьник не пытается передать какую-то отвлеченную мысль в образной форме. Идейный замысел 6-7-летнего ребенка обычно исчерпывается сюжетом его рисунка, игры или рассказа».

Глубокий и сложный процесс преобразования и усвоения жизненных впечатлений происходит в играх. Творческое начало проявляется и в замысле - выборе темы игры, рисунка, в нахождении способов осуществления задуманного, и в том, что дети не копируют виденное, а с большой искренностью и непосредственностью, не заботясь о зрителях и слушателях, передают свое отношение к изображаемому, свои мысли и чувства.

В отличие от взрослых дети не способны во всех деталях обдумать предстоящую работу или игру, они намечают лишь общий план, который реализуется в процессе деятельности. Задача воспитателя –

развивать творческие способности ребенка, целенаправленное воображение, побуждать его в любом деле идти от мысли к действию.

Детское творчество основано на подражании, которое служит важным фактором развития ребенка, в частности его художественных способностей. Задача педагога, - опираясь на склонность детей к подражанию, прививать им навыки и умения, без которых невозможна творческая деятельность, воспитывать у них самостоятельность, активность в применении этих знаний и умений, формировать критическое мышление, целенаправленность. Обучение играет огромную роль в «разумной творческой деятельности» ребенка. «Творческое начало пронизывает процесс навыков».

При правильном обучении творчество детей достигает относительно высокого уровня. «Сознание играет ведущую роль в деятельности человека в целом, тем более в творческой, где требуется полет мысли, сила воображения, опирающегося на опыт и знания. Способность анализа, критического отношения к качеству своей работы, которые у ребенка нарастают, прокладывают путь к новым достижениям в этой области, дают перспективу для дальнейшего развития и укрепления творческих способностей ребенка»[2].

Таким образом, в дошкольном возрасте закладываются основы творческой деятельности ребенка, которые проявляются в развитии способности к замыслу и его реализации, в умении комбинировать свои знания и представления, в искренней передаче своих чувств.

Интересные мысли о способности детей к творчеству высказывают деятели искусства. К.С. Станиславский советовал актерам учиться у детей, игру которых всегда отличает вера и правда. Поэт П.Антокольский утверждал, что все дети обладают одаренностью в той или иной области искусства. Детская одаренность проявляется и в наблюдательности детей, и в зорком схватывании ими сходства и характерных черт, в остром музыкальном слухе, в необыкновенном развитом инстинкте подражания[4].

Творческое воображение ребенка особенно ярко проявляется и развивается в игре, конкретизируясь в целенаправленном игровом замысле.

Таким образом, в играх дошкольников замысел получает значительное развитие – от случайно, по ассоциации возникающей цели, до сознательно задуманной темы игры, от подражания действиям того или иного человека до передачи его переживаний, чувств.

В игре дети часто проявляют эмоции, которые в жизни еще недоступны им. Испытывает ли ребенок эти чувства или только изображает их? Какое влияние оказывают они на формирование его морального облика? Игровые переживания оставляют глубокий след в сознании ребенка. Многократное повторение действий взрослых, подражание их моральных качествам влияют на образование таких же качеств у ребенка[3].

Игровое творчество проявляется и в поисках средств для изображения задуманного. Дети реализуют свой замысел с помощью речи, жестов, мимики, употребляя разные предметы, сооружения, постройки.

Чем старше и более развиты дети, тем требовательнее они к предметам игры, тем больше сходства ищут с действительностью. Отсюда естественно возникает стремление самим сделать нужные вещи. Одна из тенденций развития – игры все большая связь ее с трудом. Задача воспитателя – поддержать это стремление ребенка к самостоятельному изготовлению игрушек, помочь ему в этом.

Отсюда следует, что, игровое творчество развивается под влиянием воспитания и обучения, уровень его зависит от приобретенных знаний и привитых умений, от сформированных интересов ребенка. Кроме того, в игре с особой силой проявляются индивидуальные особенности детей, также влияющие на развитие творческого замысла[4].

Несомненно, игра имеет наиболее существенное значение для формирования основных психических функций и процессов ребенка-дошкольника. Но является ли игровая деятельность основой его образа жизни и определяет ли она, в конечном счете самый стержень личности ребенка как общественного существа? Не отрицая значения игры, определяющим для формирования личности как общественного существа компонентом все же является неигровая повседневная бытовая деятельность ребенка, направленная на овладение правилами поведения и включения в жизнь коллектива. Как в дошкольный период основным в развитии ребенка является овладение предметными действиями и речью, так в дошкольном возрасте основным является развитие поступков, регулируемого общественными нормами[5]. Его формирование является основополагающим приобретением или новообразованием дошкольного периода в развитии человека, что никак не исключает значение игры для формирования психики ребенка и обогащения его духовной жизни[5].

Ценность игровой деятельности заключается и в том, что она обладает наибольшими возможностями для формирования детского общества. Именно в игре наиболее полно активизируется общественная жизнь детей, она как никакая другая деятельность позволяет детям уже на самых ранних стадиях развития создавать самостоятельно путем те или иные формы общения[3]. В игре как в ведущем виде деятельности активно формируется или перестраиваются психические процессы, начиная от самых простых и кончая самыми сложными.

В игровой деятельности складываются особо благоприятные условия для развития интеллекта, для перехода от наглядно-действенного мышления к элементам словесно-логического мышления. Именно в игре развивается способность ребенка создавать системы обобщенных типичных образов и явлений, мысленно преобразовывать их.

Значение игры в воспитании ребенка рассматривается во многих педагогических системах прошлого и настоящего. Большинство педагогов расценивают игру как серьезную и нужную для ребенка деятельность. В истории зарубежной и русской педагогической науки сложилось два направления использования игры в воспитании детей:

- 1) для всестороннего гармонического развития,
- 2) в узко дидактических целях

Ярким представителем первого направления был великий чешский педагог – Я.А.Коменский. Он считал игру необходимой формой деятельности ребенка, отвечающей его природе и склонностям: игра - серьезная умственная деятельность, в которой развиваются все виды способностей ребенка, в игре расширяется и обогащается круг представлений об окружающем мире, развивается речь, в совместных играх ребенок сближается со сверстниками[1].

Дидактическое направление использования игры получило развитие в XVIII в. у педагогов - филантропистов (И.С.Базедов, Х.Г.Зальцман и другие) стремились сделать обучение детей занимательным, отвечающим их возрастным особенностям, филантрописты использовали разнообразные игры.

Отечественные психологи указывали на зависимость содержания детских игр от социального окружения[3]. Они утверждали, что игры не проходят для ребенка бесследно: они могут определить характер и поведение человека в обществе.

Литература:

- 1.Абрамова Г.С. *Возрастная психология.* –М., 1997. -435с.
2. *Выготский Л.С. Вопросы детской психологии.* –СПб., 1997. -367с.
3. *Кудрявцев В.Т. Смысл человеческого детства и психическое развитие ребенка.* - М., 1997. -422с.
4. *Кулагина И.Ю. Возрастная психология: развитие ребенка от рождения до 17 лет.* - М., СПб., 1997. -387с.
5. *Обухова Л.Ф. Возрастная психология.* - М., 1996. -498с.

Түйін

Бұл мақалада балалар ойынының маңыздылығы жайындағы мәселелер қарастырылады. Ойын баланың жеке тұлғасын қалыптастыратын қызметтің бір түрі болып табылатындығына көңіл бөлінген.

Summary

This article is devoted to the question of childrens games in their childhood. Game is a kind of activiti in which a childs personality is formed. Game is the first cectiviti which plays a special role in development of a person, formation and enriching his inner moral and will qualities.

ПСИХОЛОГ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ ІС-ӘРЕКЕТІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

А.З.Тенкебаева -

С.Аманжолов атындағы ШҚМУ

Мұғалімді практикалық психология саласына тартуды сатылап жүргізілу қажет. Психологке психология мамандығы ұнаса, ол барлық адамдарға да ұнайды деп есептеуі қате пікір. Олай емес. Психологиялық, педагогикалық тренингті бастамас бұрын өмірде және педагогикалық іс-әрекетте арнайы психотехникаларды қолдану арқылы мұғалімді психологиямен қызықтыру керек. Кәсіби әрекетте және жеке өмірде іштей тежелуді, шаршауды басу, жұмысқа деген ішкі күш қуатты оятуда өзін-өзіне арнайы психологиялық көмек көрсету үшін тәжірибе жинақтауға арналған сабақтар ұйымдастырылуы шарт.

Мұғалімнің қызығушылығы оянғаннан кейін, тренингтен дәріс және кеңес беру цикілі арқылы психологиялық сабақ өткізуге болады. Психолог мұғалімдерде нәтижелі қарым-қатынас, белсенділік, өзбеттілік қасиеттерін тудыруы керек.

Мұғалімдерге психологиялық көмек көсету үш негізгі кезеңнен тұрады: практикалық психологияға қызығушылықтарын ояту, арнайы психологиялық жұмыс жүргізуге үйрету және мектепте психологиялық, педагогикалық үйірме ұйымдастыру.

Бірінші кезең: Мұғалімнің практикалық психологияға қызығушылығын ояту. Практикалық психология жайлы әңгімені кез-келген тақырыптан бастауға болады. Мысалы: Қарым-қатынас мәселелеріне, отбасылық өзара қатынас психологиясы проблемаларына, қақтығыстар, отбасындағы және мектептегі бала тәрбиесі, мінез типтердің психологиялық мінездемесі, астрологиялық типтердің психологиялық үйлесімділігі, өзін-өзі реттеудің психологиялық ерекшелігі, гендерлік психология және т.б. тақырыптарды тандауға болады.

Практикалық сабақтарды талқылауда белгілі стильді ұстанған жөн. Психологиялық ақпараты өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі дамытуға материал ретінде қарастырған дұрыс. Егер әңгіме ойын немесе қалжың формасында өтетін болса, мұғалімнің негативті қысылу сезімінен тез арылуға мүмкіндігі болады. Қажет болса жеке кеңес беру техникасын да қолдану тиімді. Ескере кететін жайт, бұл мәселелердің қайсысын болса да талданғандан психолог кәсіби этикалық қағидаларды сақтай отырып, сыпайылық пен тактикалық жағын да ескеруі керек.

Психологтің бірінші мақсаты мұғаліммен психологиялық тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби шеберлігін көрсету, практикалық психологияға қызығушылығын арттыру. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін психолог ұстазға 2-3 сабақ аралығында 5-7 сұрақтан тұратын сауалнама немесе басқа да диагностикалық әдістемелер өткізіп отыру керек. Ол мұғалімнің өзіндік бағалауын, тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға жағдай жасайды. Жалпы

мұғалімге психологиялық көмек көрсетудің бірінші сатысы 5-7 сабақтан тұруы ықтимал.

Екінші кезең: «Жылулық ойындар». Екінші кезеңге өтуде 2-3 сабақты «жылулық ойындарға арнаған жөн, мұнда мұғалім шын ниетпен ойнайды және эмоциялық жағымды күйге қол жеткізуге болады, ойын атмосферасын тудыруға көмектеседі. Бұл ойындарды мұғалімге психологиялық көмек көрсетудегі педагогикалық тренингтерде қолданады.

Үшінші кезең: Психологиялық, педагогикалық тренинг. «Жылулық» ойындарды ойнап болғанан кейін педагогикалық тренингке көшу керек.

Педагогикалық тренинг өткізудің ұйымдастырудың құрылымы: Мұғалімдерге ұйымдастырылған сабақтың орташа ұзақтығы 3 сағат және үш негізгі кезеңнен тұрады.

Бастапқы кезең: «Қыздыру жаттығуы». Бұл кезең жағымды, достық қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Негізінен мұғалімдер тренингке өзінің жеке және кәсіби өмірінен шаршаған күйде келеді. Сабақтың басынан-ақ психолог келесі көріністі байқай алады: қатысушылар мазасыз позаларда отырады, дәстүрлі психологиядан дәрісті жазып алу үшін дәптерлері мен қаламдарын дайындық күйінде ұстайды. Бұл жағдайда психолог барлығына келгендері үшін ризашылдығын білдіру арқылы бастауы мүмкін. Содан кейін, қаламдары мен дәптерлерін кейін қойып, орындықтарды шеңберге орналастыруды өтінуге болады. «Біз ойын жағдайында жұмыс істейміз және өз іс-әрекетімізді талқылаймыз. Егер барлығын жазып алу керектігі туындаса, сабақ соңында жазамыз» - деп психолог өз жұмыс барысын түсіндіріп кетуі тиіс. Тыңдаушылар дәптерлерін шетке қойып, орындықтарды шеңберге орналастырғанан кейін психологиялық «қыздыру жаттығуын» бастау керек. Ол бірнеше жатығудан тұрады және келесі мақсаттарды қамтиды: психологті топпен таныстыру, мұғалімдерге «психологиялық демалыс» жағдайын жасау, қатысушылардың ішкі күйін ретке келтіру, т.б.

Психологтің топпен таныстығы. Егер психолог мұғалімдермен бірінші рет сабақ жүргізсе, онда оған топқа деген назары жоғары болу керек, және психологиялық қатынасты тиімді жасай алу керек.

Мұғалімдерден мазасыздықты және шаршауды түсіру. Релаксациялау және психотехникалық демалысты ұйымдастыру мақсатында көптеген жаттығулар өткізілуі мүмкін.

Педагогикалық тренингтің негізгі кезеңі. Негізгі бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін қатысушылардың ішкі күйін реттеу қажет, бұл мақсатта «қыздыру жаттығуларын» өткізген тиімді.

Кәсіби жағдаят үлгісін құрастыру. Психолог топта мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде болатын белгілі жағдайды моделдеуін ұсынады. Мысалға: мұғалімге мазасыз, тәртіпті бұзатын, сабақ барысына бөгет болатын жеткіншекпен сұхбат жүргізу ұсынылады. Топ амфитеатр типтес отырады, жасанды сахнаға стол және орындық қойылады. Бір мұғалім жеткіншек рөлін ойнайды, ал қалған қатысушылар мұғалім болады.

Соңғы кезең – сабақтың позитивті аяқталуы. Бұл кезең негізгі екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлімде сабақта болған оқиғаларға талқылаулар жүргізіледі (топтық рефлексия). Психологтің басты назары топтың қандай жаңалық алғандығына бағытталады: жаңа білім, жаңа дағды және тәжірибелік жұмысқа қатысуы. Қатысушылар жалпы сабақтың ұйымдастырылуына баға береді және жұмысты одан ары дамыту үшін тілектерін білдіреді. Топтық рефлексия жалпы уақыттың шамамен 15 пайызын құрауы керек. Сабақ ұзақтығы шамамен 3 сағат көлемде болса, топтық рефлексия 27-30 минутқа созылуы мүмкін.

Қорытындылау кезеңінің екінші бөлігінде топ мүшелері бір-біріне, психологке демеу көрсеткен үшін алғыс жолдаулар айтылады, жағымды әрі жақсы тілектер айтылады, ілтипатын білдіреді. Егер, топта рефлексия жаттығуы белсенді пікірталасқа ауысса, қарама-қайшы пікірлер табылса келесі жаттығуларды өткізуді тиімді көреміз, ол топ бірлігін арттыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық, педагогикалық тренингті ұйымдастырудың психотехникалары. Психологтің мұғалімдермен жүргізген тренингінде ұстанған стилі, қарым-қатынас жасаудағы көрсеткен әрекеттері көп әсер етеді, соған байланысты психолог кәсіби шеберлік пен тәжірибе жинақтау барысында меңгеретін тренинг топтарын басқарудың бірнеше психотехникалық ережелер бар.

Топты басқарудағы бірбеттілік. Психологиялық, педагогикалық тренинг барысында, барлық цикл көлемінде мұғалімдер тобын тек жалғыз психолог басқару керек. Психолог топпен жұмыс істегенде өзінің тәжірибесін, даралығын, топты басқарудағы өзіндік стилінің көрінісін байқату керек. Егер, топты басқа маман басқарған жағдайда, топ іс-әрекетінің темпінде «кескіндер», топ дамуында «үзінділер» пайда болады. Тыңдаушылар жаңа жүргізуші темпіне, әрекетіне, стиліне бейімделуге тағы біршама уақыт кетері анық. Психолог циклдің бастапқы жаттығуларын орындатуға көшсе, онда басқа маманның басқаруына мүлдемге тыйым салынады, өйткені тыңдаушыларды қайта бейімдеуі күрделі мәселесге айналады. Бұл топ мүшелерінің тұлғалық және кәсіби дамуына шек қояды, көп уақыт алды және ынтықсын жоғалтады. Топты жүргізуді ұйымдастыруда, бір психолог негізгі жүргізуші болады, ал екінші психолог ойын барысына араласпай бақылаушы, сараптамашы міндетін атқара алады.

Психологтің топты жүргізуге дайындығы. Топпен жұмыс тиімді әрі динамикалық түрде жүру үшін, психолог өзін топпен жұмысқа іштей реттеуі керек. Яғни, топпен психологиялық жаттығуларды бастмас бұрын, психолог өзіне қыздыру жаттығуларын жүргізу қажет. Психологтің іштей реттелуінің бірнеше әдістері бар, мысалы:

1. Артикуляцияны реттеу, коммуникативті қылықтарды белсендендіру мақсатында топпен жаттығу бастасас бұрын, психологке дәлізде немесе көшеде кездескен адамдармен кез-келген тақырыпта қысқаша әңгіме жүргізу ұсынылады.

2. Тыныш ортада, мүмкіндік болса жаттығу жүретін ғимарат ішінде психолог ішкі еркіндікті сақтау, эмоциялық күйін реттеу, мазасыздықты басу мақсатында психотехникаларды қолдануы керек.

3. Тыныш, асықпай сабақ сценарийін ойластыру қажет, жетістікке жетуге іштей сенімділікті арттыру үшін оны қағазға жазып алған дұрыс.

4. Сабақ басталмас бұрын жағымды көңіл күйді қалыптастыру үшін жағымды, қызықты оқиғаны еске түсіріп, қайта жаңғыртқан жөн.

Топқа жетекшілікті қалай жүргізу керек. Психологиялық, педагогикалық тренинг топтарын жүргізудің екі негізгі психотехникалық әдісі бар, ол «Эмоциялық шабуыл жасау» және «Төменнен эмоциялық жанастыру».

«Эмоциялық шабуыл жасау» әдісінде немесе «жоғарыдан жанастыруда» сабақтың басталуының алғашқы минутынан бастап психолог динамикалық түрде белсенді, эмоциялық, өзінің стилін максималды түрде көрсетіп, жұмыс атқарады. Сондықтан, ол өзін сенімді сезінеді, іштей талпынысы болады. Топ жетекшісінің энергиясына бейімделіп, қуат алып, белсенділік таныта бастайды.

«Төменнен эмоциялық жанастыруда» топты жүргізудің бастапқы сатысы жұмсақ бақылауда, жүргізушінің даралығының ешқандай көрінісіне жүзеге асуы мүмкін. Психолог топты сезінбей, топпен психологиялық қатынас орнатпай, зерттеуші әрекетінде жұмыс жүргізеді.

Топты жүргізудің бастапқы кезіндегі бағыты бірнеше факторларға байланысты болады: психологтің ішкі күйіне, шеберлік деңгейіне, тәжірибесіне, оның даралық психологиялық ерекшеліктеріне, ойыншы темпераментіне және т.б.

Негізінен психолог топпен қарым-қатынасты ұйымдастырудың кез-келген әдісін таңдаса да, сабақ басталғанан кейін (20-30 минут) психологтің топпен эмоциялық, коммуникативті және психоэнергетикалық «симбиоз» қарым-қатынасы пайда болады. «Симбиоздың» пайда болу негізінде психолог пен топ арасында бірін-бірі түсінушілік және бірін-бірі сезгіштік шарттары туындауы мүмкін. Психотренер мен топ арасындағы психологиялық контакт жоғалған кезде, топты жүргізушінің басқаруы жүзеге асады (тренингті жүргізудің дерективті стилі) немесе топ психологті манипуляциялайды (еркін стиль).

Топтық сабақтың мазмұнын құрастыру. Сабаққа атауына негізгі идеяны ашатын атау таңдалуы керек. Тақырыптан ауытқу, пікірталас барысында басқа сұрақтардың қойылуы, сабақ кезінде оның мазмұн ауқымын кеңейтіп, жалпылатып жібереді, ал тыңдаушылар нені талқылауға келгендігінен шатаса бастайды. Тренинг аяқталғанан кейін мұғалімдерде қанша сағат босқа отырған сезім пайда болады.

Сондықтан топтық талқылау немесе дискуссия кезінде психолог алдында топ мүшелерінің ойларын бір бағытқа бағыттау міндеті тұрады және тақырыпқа қатысты емес әңгімелерді жауып отыруы қажет. Егер, топ мүшесінің біреуі топқа және психологке кенеттен, эмоциялық, белсенді түрде

мазмұны қызықты бір тақырыпты бастаса ғана бұл ережеден ауытқуға болады. Мысалы, мұғалім өзінің оқушы кезінде ұстазынан қандай қорлық көргенін айта бастаса, оны талқылағысы келсе, оны тоқтатудың қажеті жоқ, себебі ол осы проблемасының шешуін осы топтан іздестіре отырып, негативті сезімдерінен арылғысы келері анық. Бұл жағдайда мұғалімнің жағымсыз жағдайын талқылау керектігі туындап, сабақ сценарийі өзгеруі мүмкін.

Психологиялық, педагогикалық тренингтің сценарийін құру. Сабақ жоспарын құрастыру – бұл топтың ойын іс-әрекетінің сценарийін құру. Психолог топтық қозғалыстың жалпы барысын құруы керек, яғни психологиялық қыздыру жаттығуын қай ситуациядан бастау керек, тренингтің негізгі кезеңінде қай жаттығулар ойнатылуы шарт және ол қалай аяқталуы қажет екендігін анықтайды. Алынатын нәтижелерді болжап, кететін уақыт ауқымын нақтылау шарт. Сабақ барысын жоспарлауда психолог кездейсоқ өзгерістерге де даяр болуы керек, мысалы, ұсынылған тақырып бойынша топ басқа бағытты да ұсынуы ықтимал, күтпеген проблемалар да туындауы мүмкін немесе талдау үшін қызықты, мазмұнды материал шығуы да ғажап емес.

Психологиялық, педагогикалық тренинг барысындағы психолог позициясы.

Психолог тренингтің сценарийін құру кезінде жаттығуларды таңдауда өзіне қызықты және топты жүргізуде өзіне тиімді, жақын ойындарды алғаны абзал. Егер психолог сабақ бағдарламасының психотехникалық жағына толық сенімді болып, оны жақсы білсе, ол өзін еркін ұстайды, эмоциялық жағымды күйде болады, еркін импровизациялайды. Бұл арқылы психотренердің даралық және кәсіби ерекшеліктері, өзіндік стилі мен мазмұндық айырмашылықтары байқалады. Сондай-ақ, психолог топқа өзі құрастырған жаттығуларын да ұсына алады.

Психологиялық, педагогикалық тренинг кезіндегі ойындар мен жаттығулардың арасындағы құрылымдық және коммуникативті байланыстар. Мұғалімдермен топтық психологиялық сабақ әдетте 4-6 жаттығу мен ойынан тұрады. Оларды таңдау тақырыпқа сәйкес бірізділікпен, логикаға сүйенуі керек. Тренинг толық әрі үйлесімді болу үшін, міндетті түрде эпизоттар арасында коммуникативті және мазмұндық байланыс болғаны шарт. Мысалы, ол келесі тіркестерден тұруы ықтимал: «сізге қызықты болды ма? Жақсы. Ал енді мен тағы бір жаттығу ұсынамын. Ойнап көрейік»; «Сізде бәрі жақсы іске асты, жалғастырайық»; «Тағы кімнің ойнағысы келеді! Марғабат» және т.с.с.

Әрбір психотренердің өзінің байланыстырушы сөздері болады. Маңызды бұл айтылған сөздер орнымен, ойланып айтылса, бір тапсырмадан екінші тапсырмаға ауысу икемді, үйлесімді, бір-бірімен байланысты жүзеге асады.

Топтық сабақтардың динамикасы. Топтық сабақтың құрылымында өзіндік заңдылықтары бар. Тренинг бағдарламасын немесе сценарийін

жоспарлауда, ойын әрекетінің белгілі бір динамикасын ескерген жөн. Сондай-ақ, мұндай динамиканы практикалық тренинг жүргізу барысында психолог арнайы енгізуі қажет. Мысалы, бірінші кезеңде, психологиялық қыздыру жаттығуы кезінде ойын интригасы пайда болады, ал екінші кезеңде психолог «психологиялық уақыттың» тездеуіне мүмкіндік жасауы шарт, ол жоғарғы нүкте, яғни тренингтің шарықтау шегіне жеткізеді. Ол түрлі формада болуы мүмкін, мысалы: топ мүшелерінің күрделі мәселені шешіп, жеілдеуі және қанағаттануы; топтық белсенділіктің шарықтау шегі; қақтығысты не дауды шешу барысында психологиялық қолдауға ие болуы және т.б. Топты шарықтау шегіне жеткізуге психотренер біртіндеп, бірақ үзіліссіз әкелуі керек. Әдетте, ол үш сағаттық сабақтың екінші сағатында болады. Динамика мен шарықтау шегінің өсуі нәтижелі болуы үшін психолог топтық темпті жоғалтпауы тиіс, әйтпеген жағдайда тренинг қатысушылары зерігіп, жалығу күйіне тап болады. Бұл үшін тренер талқылау барысын тым ұзақ және күрделі етпеуі қажет. Топтың шарықтау шегінен кейін белсенділіктің біраз азаюы, босансу, тыныштану және қанағаттану күйі болады. Содан кейін топтық белсенділік біртіндеп бастапқы деңгейге көтеріле бастайды.

Үшінші кезең – тренингтік сабақтың аяқталуы. Топтық жұмыстың нәтижелерін талдау іске асырылады. Сонымен қатар, тренер топ мүшелеріне өз пікірлерін білдіріп, жағымды тілектері мен алғыстарын айтуға мүмкіндік береді. Тренинг барысында психолог өзі түрлі ішкі күйлерді сезінуі шарт, мысалы, энергия мен белсенділікті біртіндеп өсіп, шарықтау шегіне жету; белсенділіктің төмендеуі және тыныштану. Бұл күйлерді бастан кешіре тырып, психолог топ әсерінде болады және топты жетелейді.

Топтағы диалог және полилог. Жүргізуші «вербальді кеңістіктің» ауқымды бөлігін тек өзі ғана алмауы тиіс. Егер топ тренер кеңестері мен нұсқауларын үндемей тыңдап, тек қана психолог монологын болса, топтық жұмыс тиімсіз болады. Психологиялық, педагогикалық тренинг сабақтарында педагог пен психолог арасында пікір, тәжірибе алмасу қарыстырылады. Психолог назары тек бір ғана топ мүшесінде болмауы керек. Егерде психолог пен сол мұғалім арасындағы диалог ұзаққа созылса, топ жалыға бастайды, өзін «керексіз» сезінеді. Сондықтан қатысушылар санын артыру үшін және бірін бірін дұрыс түсіну үшін, несесе бір-бірінің арасында коммуникативті байланыс орнату үшін психолог төмендегідей сұрақтар қоя алады: «Кім өз пікірін айтқысы келеді?», «Кімде осындай тәжірибе бар?», «Мұғалім айтқанды кім ұқты және не сезінді?», т.б. Психолог әр топ мүшесіне зейін қою керек, олардың әрқайсысының даралығын сезіп, дұрыс түсініп, мұғалім тәртібіндегі акценттер мен дауыс екпіндерін адекватты бағалай алуы қажет. Мұндай көңіл бөлу тек субъективті ғана болмауы шарт. Топтың барлық мүшелеріне деген психологтің нейтралды мейірімділігі топ бірлігіне, жағымды атмосфераға және өзара сенімділікке түрткі болады.

Психологтің топқа және топ мүшелеріне деген эмоциялық-позитивті

қатынасын трансляциялауы. Психолог педагогикалық топқа деген жағымды қатынасын көрсетуі тиіс: мейірімділік, икемділік, әр адамды түсіне алуы, әр адамның маңызды, қызықты қасиетін көре білуі. Мұғалімдер тобында тура сындық пікірлерді айтуға, жүргізушінің өзін жоғары ұстауына, жоғарыдан қарауына тыйым салынады. әдетте топ жақсы қабылдайтын позитивті ақпараттарды, мысалы, егер психолог әйел адам болса аналық қасиеттер жайлы айтуға болады. Ол түсінісудің, қолдаудың, көмек берудің, қорғаныстың, адамзаттық махаббаттың трансляциясы ретінде көрінеді.

Топты немесе оның жеке мүшелерін психологиялық белсендендіру. Егер топ немесе оның бір мүшесі өзін ыңғайсыз, сенімсіз сезінсе, онда психолог белгілі эмоциялық қысыммен, тікелей көзіне қарау арқылы «психологиялық тарту» әдісін қолдану керек: «Сіз бәрін істей аласыз! Сіздің қолыңыздан бәрі келеді, мен сенемін. Шешім қабылдау керек! Тұрыңыз, әрекет етіңіз!» Сонымен қатар, бұл мақсатта арнайы жаттығулар орындаған жөн.

Топтық тренинг кезіндегі үнсіздік пен үзіліс. Психолог топта пайда болған үнсіздіктің ерекшеліктерін, күйін айрықша сезіне білуі шарт. Егер бұл үнсіздік топтық жұмысқа деген қызығушылықтың жоқтығынан, өз ойын жеткізгісі келмегендіктен пайда болған болса, психолог бұл сәтті тапсырмалармен, жаттығулармен немесе рефлексивті сұрақтармен толтыруы шарт: «Не болды, сіз қалай ойлайсыз?», «Мұндай ыңғайсыз үнсіздік нәліктен пайда болды?». Ал егер, үнсіздік себебі – қатты әсерден боса, ойыншылардың уайымы мен ойлауы болса, оны бұзуға болмайды, әр ойыншы өз күйін сезіне білуі керек. Бұл шығармашылық үнсіздік барысында, мұғалімнің ішкі белсенділігі артып, жұмысы іске асады.

Егер топ және оның жеке мүшелері ойыннан бас тартса. Мұғалімдермен жүргізілетін психотренингте олар жиі бас тартып, сабақта өздерін пассивті, тұйық ұстайды. Топтың мұндай тәртіп формасына түрлі себептер түрткі болуы ықтимал: мұғалімдердің шаршауы, сабақ басында қыздыру жаттығуының тиімсіз болуы, тым күрделі, ұзақ, ауқымды ойындардың болуы, кенеттеп пайда болған «психологиялық шұңқыр», яғни белсенділік пен қызығушылықтың төмендеуі және т.б. Мұндай жағдайда жаттығуды директивті түрде міндеттеп орындату тиімсіз. Сабақтың жалпы бағдарламасын түсіндіру, жатығуды орындау барысында мұғалімдердің өздеріне сәйкес тәртіп формасын өзбетті таңдауға мүмкіндік беру, топ мүшелерінің біреуінен уақытша жүргізуші рөлін алуды өтіну арқылы топтың қызығушылықтарын арттыра білу қажет. Психолог ойынды немесе жаттығуды өзі ойнап көрсетсе тиімді болады. Топтың сенімсіздігін байқаған кезде, психолог «ал енді, мен өзім істеп көрейін» немесе «менен бастайық» деген пікірін білдіруі керек. Топ мүшесі ретінде өзі мысал болып әрекеттенсе, психологке деген сенім артады. Сондай-ақ, топ мүшелерінің бірі жаттығуларға қатыспай, жалпы талқылауға араласпай, бақылаушы рөлі таңдауы да мүмкін. Мұндай адам топ белсенділігіне нұқсан келтіріп, деструктивті бастауға түрткі болады, ыңғайсыздық, жайсыздық күйге

әкеледі, осылардың салдарынан тренингке қатысушылар жұмысқа қатысудан бас тарта бастайды. Егер ойыншы ешкімге кедергі жасамаса, бұл жағдайда оны жайына қалдырып, назар аудармай қою керек, біраз уақыт өткеннен кейін, ол өзі жаттығуға қатысуға бел байлайды. Егер қатысушы пассивтілігі топ мүшелеріне әсер ететін болса, психолог оны міндетті түрде ойынға қосуы шарт. Оған қайта-қайта бағыттаушы сұрақтар қойып, жұмысқа қызығушылығын қолдап отыру керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. **Овчарова Р.В. Технология практического психолога образования. – М., 1999. – 256 с.**
2. *Петрусинский В.В. Игры: обучение, тренинг, досуг. Кн.4. Психотехнические игры. – М., 1994. - 116 -119 с.*
3. *Гамезо М.В. Психологическая служба в школе: вопросы теории и практики // Психологический журнал. – 1981. – Т.2.- №2. - 109-115 с.*
4. *Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практики. – М.,1991. – 219-232 с.*
5. *Клюева Н.В. Технология работы психолога с учителем. – М., 2000. – 35 с.*
6. *Чернявская А.П. Педагогическая техника в работе учителя. – М., 1996. – 93-94 С.*
7. *Абрамова Г.С. Практическая технология. - М., 1997.– 368 с.*
8. *Анисимова Р.А. Психологическая школа и мастерство педагога // Советская педагогика. - 1990. - №2. – 53-54 с.*
9. *Питюков В.Н. Основы педагогической технологии.– М., 1999. - 445 с.*

Резюме

Данные материалы позволяют постичь особенности профессиональной психолого-педагогической деятельности, а также позволяют педагогу познать себя. Новизной представленного в статье материала является предложенный анализ элементов психологических тренингов.

Summary

The given materials allow to comprehend features of professional psihologo-pedagogical activity and as allow the teacher to learn itself. Novelty of the material presented in article is the offered analysis of elements of psychological trainings.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ СТРЕССТІК ЖАҒДАЙЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.О.Дуйсенбаева –

психология магистрі, КазНПУ им. Абая

Өткен XX ғасыр стресс ғасыры деп аталды. Алайда, стресс XXI ғасырға да оп-оңай өгіп позициясын нығайтқан үстіне нығайтуда. Осыған орай оған бітпес күрес ашып, одан арылудың жаңаша жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылып, ұдайы іздестірілуде екені белгілі.

Стресс – (ағылшын тілінен stress-қысым, шиеленісу, күйзелу, абыржу) – адамның түрлі экстремалды әсерлерге пайда болатын, адам күйін белгілеу үшін пайдаланатын термин. Алғаш рет “Стресс” түсінігі жағымсыз әсерлерге организмнің спецификалық емес реакциясын белгілеу үшін физиологияда пайда болды. Кейінірек экстремалды ситуацияда индивидтің күйін физиологиялық, психологиялық және мінез-құлықтық деңгейде белгілеу үшін қолданыла бастады /1/.

"Стресс" немесе "Жүйке жуқару" ұғымын алғаш рет 1936 жылы ғылымға кіргізген Канадалық физиолог Ганс Селье. Оның анықтамасы бойынша, күйзеліс-өте жағымсыз әсерге жауап ретінде туған ағзаның қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жиынтығы /2/.

Стресс – адамның ширығуын талап ететін күрделі, күтпеген, аса жауапты, маңызды немесе қауіпті жағдайларда пайда болатын көңіл-күй ахуалы. Ол сондай-ақ денеге және ақыл-ойға тез және жауапты шешімді талап ететін көп салмақ түскенде, дау-жанжал т.б кезінде туындайды. Шамадан артық стрессті "Дистресс" деп атайды. Ол адам басында қайғы, бақытсыздық, ауру-сырқау, мұқтаждық, жарақат балған кезде орын алады. Стрессті тудыратын факторларды "стрессорлар" деп атайды. Оның негізгі себептері: температураның, атмосфера қысымы мен ылғалдылықтың ауытқуы; сізге жақын жерде бос жүрген жыртқыш аң; тым жарқыраған шам; у-шу, ыстық, жабық кеңістік; ішкі улармен, ағза гормондарымен, дәрілермен белсенділенген паразиттер немесе вирустар; басшылықпен, жақын адаммен, өз-өзіңмен тартыс, салауатты өмір сүрмеу, ауырсыну және ішкі жайсыздық және т.б. /4/.

Сондай-ақ Ганс Селье стресс эффектілерінің үлгісін жасаған. Үлгі үш сатыдан тұрады.

1. Қобалжу және мобилизация сатысы – бұл адамдар стрессордың қатысып отырғанын байқаған кезде болады: мысалы, сіз колледждің бірінші сынағында өзіңізді қызық сезініп, сұраққа қорқа отырып жауап бересіз. Әрі өз күшіңізді жинақтай бастайсыз және қалған оқу жылында жақсы оқу керек деп өзіңізге уәде бересіз;

2. Қарсыласу – стрессормен бірге күресуге дайындаласыз. Қарсыласу кезінде адамдар түрлі жағдайларды қолданады. Стрессорды жеңу кейде сәтті

болады, бірақ ол физикалық және психологиялық жалпы күйге тәуелді. Егер қарсыласу адекватты болмаса, модельдің соңғы сатысы қажуға жетеді.

3. Қажу сатысы кезінде адамның қабілеті стрессордың төмендеуіне бейімделеді. Бұл жағдайда стресстің жағымсыз салдарынан физикалық ауру, жиі ашулану немесе маңызды жағдайда шындықпен байланысты жоғалту және дезориентация белең алады /2/.

Стресс-бұл өмір сүрудің қалыпты бөлігі. Ганс Селье айтуы бойынша стрессіздік толығымен адамның өмір сүруін тоқтатуы деуге болады. Ендеше, стресстің жағымды әсер етуі мүмкін бе? Ағзаның кез-келген реакциясы секілді стресс пайдалы да зиянды. Мәселені шешуге күшті дене белсенділігі қажет болған кезде ол пайдалы. Стресстің жағымды әсер етуі ғылыми тілде «эустресс» деп аталады. Эустресс адамның іс-әрекетін арттырады, мысалы жеңіл стресс жарыстың алдында, көпшіліктің алдында сөйлейтін кезде жағымды әсер етеді/2/.

Стресс сонымен қатар адамның эмоциялық сабырлығы мен тепе-теңдігін бұзатын төтенше жағдайларға ағзаның жауап әрекеті. Егер адам оңтайлы стресс әсерін сезінетін болса, оның жұмыс қабілеттілігі артады, ол жақсы көңіл күйде болады және тиімділігі барынша артады. Стреске тек ештеңемен айналыспайтын адам ұшырамайды. Ал адамның стреске иелік жасай алмауы немесе жасағысы келмеуі, оған бейімделе алмауы жаман. Стресстер түрі мен сипатына қарай стресстің екі түрі болады: физиологиялық біз онсыз өмір сүре алмаймыз (тамақ қабылдау, суыққа, ыстыққа, т.б жауап әрекеті) және психологиялық, ол ақпараттық және эмоциялық болып бөлінеді.

Ақпараттық стресс – субъект тапсырманы орындай алмайтын, талап етілетін қарқынды дұрыс шешім қабылдауға үлгермейтін кезде пайда болады.

Эмоциялық стресс – қауіп-қатер, реніш т.б жағдайларында пайда болады. Және оның әр түрлі-импульсивті, тежелушілік, генералдандырылған эмоциялық өзгерістерге, қозғалыс және сөйлеу мінез-құлықтарының бұзылуына алып келеді /3/.

Мемлекетіміздегі жоғары оқу орындарының алға қойған мақсаты – жан-жақты дамыған, терең білімді, жоғары кәсіби мамандандырылған және мәдени жоғары деңгейдегі тұлғаны тәрбиелеп шығару.

Жоғары оқу орындарында білім алу студенттердің денсаулығына ерекше назар аударуды қажет етеді. Студенттер – белгілі бір жас мөлшеріндегі, өмір және еңбек жағдайлары өзіне ғана тән, ерекше әлеуметтік топ. Әрдайым дене және психикалық жүктемелерінің шамадан тыс болуы, еңбек, демалыс, тамақтану кестесінің бұзылуы оқу үрдісінің нәтижелілігін төмендететін бейімделу процесінің ширығуына және әр түрлі функционалдық қызметтерінің бұзылуына, ауруға шалдығуға әкеліп соғады.

Мамандардың пікіріне сәйкес, студенттер еңбегі ерекше спецификациялық қатардан орын алады да, әр түрлі ақпаратты өңдеу мен қабылдау кезінде уақыт тапшылығы әсерінен жүйкелік – психологиялық

ширығу жағдайының жиі байқалуы, сонымен қатар жұмыстың негізінен кешкі және түнгі уақытта орындалуы олардың соматикалық денсаулығы мен психикалық жағдайларында әсер етеді. Жаңа факторлар кешеніне бейімделу күрделі көп деңгейлі әлеуметтік-психофизиологиялық үрдіс болып табылады және студенттер ағзасындағы компенсаторлы-қалыптасу жүйесінің ширығуымен қоса жүреді. Соңғы 10-15 жылда студенттердің білім алуы барысында ақпараттық жүктеменің ағымы айтарлықтай өсті. Емтихан сессиясы кезінде студенттердің интеллектуалды-эмоционалды жағдайына шамадан тыс жүктемелер әсер ететіндіктен, орталық жүйке жүйесінің козу үрдістері жоғарғы дәрежеде болатындығы анықталды /4/.

Осының барлығы ағзаның физиологиялық жүйесінің жағдайын зерттеудің өзектілігін көрсетеді, әсіресе студенттердің оқу барысындағы, сондай-ақ емтихан кезіндегі нейровегетативті реттелуінің ерекшеліктері студенттердің денсаулық жағдайын нығайту стратегиясын жасау керектігіне дәлел болады. Жоғары оқу орындарында оқудың алғашқы кезеңдері студенттердің ағзасына бірнеше жаңа факторлардың әсер етуімен сипатталады, олардың ішінде оқу үрдісінің ерекшеліктері, жаңа ұжым, үй-тұрмыс жағдайы және тамақтануы оқу үрдісіндегі басты рөл болып табылады.

Сонымен қатар, әдебиеттерде көрсетілгендей, әсіресе алғашқы оқу кезеңдерінде (төменгі курста) студенттердің жоғарғы потенциалды психоәлеуметтік бейімделуінің бұзылуы, ол ақыл-ой жұмысының ширығуы нәтижесінде емтихан тапсыру, мекенжай ауыстыруы және әлеуметтік қарым-қатынастар, созылмалы аурулары салдарынан болуы мүмкін. Айқын психоәлеуметтік бейімделудің бұзылуы негізгі танымдық психикалық үрдістерге зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттеріне кері әсер етеді.

Сонымен сессия кезінде төменгі курс студенттерінің жұмысқа қабілеттілігі мен зейін көрсеткіштерінің артуы фонында сөздерді қысқа мерзімді есте сақтау мен ұзақ есте сақтау көрсеткіштерінің төмендеуі көрініс берді. Бұл төменгі курс студенттерінің бейімделу реакцияларының ақпараттық ағымының көптігінен күрделірек жүретінін дәлелдейді, бейімделу сипаты жалпы белсенділіктің артуына, бірақ еріктік қасиетінің төмендеуіне бағытталған болу керек. Ал стресс жағдайлары төменгі курс студенттерінде өзгеше көрініс берді. Оларда мидың өткізгіштік қабілетінің, сонымен қатар сөздерді ұзақ мерзімде есте сақтау көрсеткіштерінің жоғарылауымен сипат береді. Бұл көрсеткіштердің стресс кезінде артуы студенттердің бейімделу механизмдерінің тұрақтыланғанын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар когнитивті қызметтің оңтайлығын байқатады. Ол әртүрлі сырттан келетін тігіркендіргіштердің әсерінен шартты рефлексдер тежеледі. Тежелу – орталық жүйке жүйесінің әр түрлі бөлімдерінде козу процесінің басылуымен немесе төмендеуімен сипатталады, бұл өз кезегінде басқарушы мүшелер қызметтерінің сәйкестікпен өзгеруіне әкеледі /5/.

Жас ерекшелігі және педагогикалық психологиядағы студенттік жас ерекше кезең болып бөлінеді, ол 18 ден 23-25 жас аралығын қамтиды, яғни

жас адамдардың ерекше оқу ортасында дамып, шағын уақыт аралық бойында оларда байыпты психологиялық және физикалық өзгерістердің болу кезі.

Л.С. Выготский белгілегендей әр жас ерекшелік даму сатысына психологиялық жаңа құрылымдар тән болады: бір жас ерекшелігі сатысынан келесіге ауысу кезінде жастың барлық құрылымында өзгерістер болып, әр жас өзіндік өзіне қайталанбас және жалғыз құрылымға ие болады. Тұлға өзінің дамуында кезенді табиғаты бар бірқатар өзгерістерді өтеді.

Тұлға дамуы адамның өзіне қатысты әлеуметтік мәдени ортаны меңгеруінің нәтижесі және үрдісі. Л.С. Выготскийдің қағидасының негізінде, яғни жастық және кемелдену жасына ауысу кезінде психикалық дамудың әр түрлі уақытқа қатыстылығы (гетерохрония) сақталып, ол кемелденудің әр түрлі тараптарының болған уақытындағы сәйкессіздігіне айқындалатынын: индивид, тұлға, таным субъектісі, еңбек субъектісі ретінде ескеру қажет /5/.

Студенттік жастағы жекелік даму ерекшелігін зерттеген алғашқылардың бірі ғалым Г.Ананьев болып табылады. Ол адамның кемелдену белгілерін анықтауға тырысты. Адамның кемелденуі биологиялық белгілермен және жыныстық, соматикалық белгілермен анықталады. Адамның жеке дамуының түрлі гетерохрондық түрлері осы дамудың жеке белгілері болып табылады.

Б.Г.Ананьев мектебінде студенттік жас ақыл – ой және мінездің қалыптасуы орталық кезең ретінде айқындалады /6/.

Студенттердің қарқынды тұлғалық кемелдену нәтижесі, яғни келесі жиынтық сәйкестігі бойынша негізгі белгілерді айтуға болады:

- қоршаған әлемде объективті бойланыстар мен қатынастардың бөлінуі;
- саналы, мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің, өзін-өзі субъекті іс-әрекеті ретінде жете түсіну қабілеттілігі;
- әлеуметтегі өмір, әлеуметтену;
- өз-өзіне және қоршаған ортаға әрекеттенудің қайта құрылуына әсер ету қабілеттілігі;
- өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі белсендіру.

Студенттік ортада емтихандар, әлеуметтік бейімделу, болашақ мамандығы аясындағы өзін тұлға ретінде айқындалуы барысында күйзелістік ықпалдар болған жағдайда кездеседі. Басынан өтіп жатқан күйзелістер мен олардың салдары адам психикасының саулығына қауіп төндіруі мүмкін. Бұл өзінің денсаулығына деген сенімділігі оның өзіндік қамқорынан жоғары болып, тұлғалық қорлары шексіз болып көрінген жағдайдағы адам өмірінің студенттік кезеңіне жатады. Дәл сол кезеңге қатысты асыра бағытталуы, мақсаттарын биік қойуы ұзақ мерзімді күйзеліске байланысты болатын қауіптерді студент санасынан ығыстырып тастайды. Студенттік өмірде эмоциялық жағдайлары өте көп кездеседі. Оны өзінің денсаулығына қатысты қамқорын қамтымайтын өмір үлгісінен байқауға болады, өйткені мұндай бағытты дәстүрлі түрде егде адамдар ұстанады да жастар мұны «қызықсыз» деп санайды. Белсенді жаңа әлеуметтік ортаға енуі

студенттердің құрбылар арасындағы жоғары беделге талпынуымен қоса жүреді. Осының барысында денсаулығын сақтауға қатысы жоқ алуан түрлі амалдар қолданылады. Өз құрбылары арасындағы беделге ие болуы әрекеттері өзін мойындатудың тәуекелділік сипаттағы мінез-құлықтарының пайда болуын тудырады /7/.

Денсаулық психологиясы адамның жоғары талаптар барысындағы, психикалық жүктемелер жағдайындағы өтетін «ақысын» анықтауға аса назар аударатын. Осындай талаптар мен жүктемелердің алуан түрде кездесетін ортасына студенттік орта жататыны белгілі. Екінші жағынан, дәл осы кезеңде психикалық денсаулық әрекетінің жетістігіне тікелей ықпал ететін жағдайда маман қалыптасып, өмір салтының үлгісі осылайша қоғамдық маңызы бар мағынаға ие болады.

Студенттер психикалық саулығының келесі ықпалы – өз іс-әрекетінің нәтижелеріне қанағаттануы. Сәттілік сезімі тұлғалық талпыныстарының субъективтік маңыздылығына, көздеген мақсаттарына жетудің жоғары мүмкіншілігіне тең келеді.

Студенттік күйзелістің себептерін зерттеу барысында олардың бірі болып студенттік ортаға ойдағыдай сай болмауы, оны бөтен деп, кейде тіпті жау ретінде қабылдауы табылады. Мұны әсіресе, мектеп талаптарынан өзгеше, жаңа ережелерге алғаш рет тап болған, бірінші курс студенттерінен байқауға болады. Бірінші курс студенттің тән жансақтықты жаңа өмір салтына бейімделу үрдісін басынан өткізіп жатқан, үйі мен жанұясынан алыстап кеткен, басқа жақтан келген студенттерден аңғарылады. Мұндай жағымсыз құбылысты жеңуде жоғары оқу орнының психологиялық қызметі оқу үрдісін ұйымдастыруға жәрдем беріп, әр түрлі кеңестер өткізіп, көмектеседі /5/.

Студенттер энергетикалық шығындары көп және кәсіби талаптанулары жоғары сипаттағы аса белсенділікпен оқу іс-әрекетіне араласады. Сонымен қатар кәсіби іс-әрекетіндегі сәттілікті сезінуі мен жалпы өмірге қанағаттануы төмендейді, сондай-ақ пайда болатын мәселелерді шешу белсенділігінің қабілеттілігі жеткіліксіз болып қалыптасады. Белсенділіктің жоғары деңгейі сәтсіздік жағдайынан бас тартудың шамалы тенденциясына сай келеді.

Бірінші курс студенттерінің әлеуметтік бейімделуі үрдісі кәсіби бейімделу кезеңіне тән сипатта болады. Бірінші кезекте тандау, бәсекелесу қажеттілігі, студенттік топтағы жоғары беделге қол жеткізуге қажетті күш-жігер шығады. Білім алудағы бұл кезеңнің басқа бір мәселесі болып жоғары дәрежедегі өзіндік іс-әрекет қажеттілігі, жоғары оқу орындарындағы жаңа күрделі жағдайларда шешім қабылдау іскерлігінің қажеттілігі саналады.

Әлеуметтік қолдау деңгейінің төмендеуі мен өз іс-әрекетінің нәтижесімен қанағаттанбауының сәйкес болуы алдын алу шараларын жүзеге асыру қажеттілігін, жоғары оқу орнында студенттерге арналған кеңес беру жолдарын қалыптастыруға оқу орны психологтарының белсенді түрде араласуының қажеттілігін көрсетеді.

Стрестік жағдайлар физиологиялық болсын, психологиялық болсын қосымша мобилизациялануды қажет етеді. Емтихан кезіндегі ақыл-ой жұмысына белсенділіктің анық белгілерімен ұлғаюы тек осы жағдайдың физиологиялық бейімделу реакцияларын теңестіріп қана қоймай, сонымен қатар когнитивті қызметтің оптималды әрекет етуіне жол береді. Бұл үрдіс екі топтың студенттерінің көрсеткіштерінде де әртүрлі өтеді /8/.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Меерсон Ф. Адаптация, стресс и профилактика.* - М.: Наука, 1981.
2. *Селье Г. Стресс без стресса.* - М., Прогресс, 1982.
3. *Василюк Ф.Е. Психология переживания.* - М.: МГУ, 1984.
4. *Калмыкова Е.С., Комиссарова С.А., Падун М.А., Агарков В.А. Взаимосвязь типа привязанности и признаков посттравматического стресса // Психологический журнал.* - 2002. - Т.22. - №6.
5. *Фонтана Д. Как справиться со стрессом. Перри Г. Как справиться с кризисом. Брум А., Джеллико Х. Как жить с вашей болью / Перевод с англ.* - М.: Педагогика-Пресс, 1995.
6. *Анисимова О.М. Самооценка в структуре личности студента: Автореф. дис. – М., 1984.*
7. *Гусева. А.Г. Особенности познания самих себя студентами вуза в зависимости от половой принадлежности: Автореф. дис. – М., 1981.*
8. *Антипов Е.Е. Введение в теорию адаптации.* - М., 1991.

Резюме

В данной статье рассматриваются психологические особенности учебного стресса студентов.

Summary

In given article psychological features of educational stress of students are considered.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.С.Тұрғамбаева -

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистрі

Қарым-қатынас қоғамдық өмір құбылыстарының бірі. Бұл құбылыс адам өмірінің, іс-әрекет жағдайларының материалдық әсерінен тарихи сипатқа ие. Біріккен іс-әрекет негізінде адамдарда қарым-қатынас қажеттілігі пайда болады.

А.А. Бодалевтің, М.И. Лисинаның, А.А. Леонтьевтің нақты зерттеу жұмыстарының бірқатары қарым-қатынас пен іс-әрекеттің бірлігін зерттеуге арналған. Алайда осындай байланыстың сипатын зерттеушілер әрқилы түсінеді.

Д.Б. Эльконин қарым-қатынас іс-әрекеті онтогенездің нақты сатысында дербес көрінеді деген. Мысалы, бастауыш мектеп жасындағы балаларда қарым-қатынас ерекше мазмұнмен анықталады. А.А.Леонтьев қарым-қатынас – ең алдымен тіл әрекеті. Өйткені онда іс-әрекетке тән элементтердің барлығы бар (әрекеттер, операциялар, мотивтер және т.б.). Б.М.Ломов қарым-қатынас пен іс-әрекеттің бірлігін мойындап, осы процестерді өзара байланыстырмай, адамның әлеуметтік болмысының екі жағы ретінде, оның өмір салты ретінде қарастырылады.

Балалық шақтағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде А.Н. Леонтьев жасаған іс-әрекет кестесі (схема) қарым-қатынас процесінің ғылыми талдауын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жалпы қарым-қатынас сипатының сенімді нәтижелерімен қатар, ол баланың жеке тұлғасына әсер ететін шарт болып табылады (М.И.Лисина).

Бастауыш мектеп кезі бұл – тұлғаның мәнді алғы шарттарының қалыптасу аралығы болып табылады. Жеке қасиеттердің қалыптасуын Л.С.Выготский дамудың әлеуметтік жағдайы ретінде белгілеген. Бұл дамудың әлеуметтік жағдайының өзі әр жас шамасындағы бала мен орта қатынасымен анықталады. Дамудың әлеуметтік жағдайы ең алдымен баланың жеке тұлғасының психологиялық ерекшеліктерінде және психикалық процестеріндегі негізгі өзгерістерді қамтамасыз ететін осы жас шамасында жетекші орынды иеленетін іс-әрекетпен анықталады. В.В.Давыдов бала мектепке келісімен оқу процесінде жеке тұлғаның теориялық ойлауының негіздері жасалынатындығына (ғылыми, көркемдік, адамгершілік) нұсқайды. Д.Б. Эльконин бойынша бастауыш сыныптағы оқушы өзінің мектептегі жұмысын қоғамдық мәнді, қатаң түрде міндетті іс-әрекет ретінде қабылдай бастайды да, оның бойында оқудың жаңа қоғамдық сезімдегі мотивтерінің, сыныптағы жаңа позициясының, өзіне және жанындағы құрдастарына жаңа қатынастар мен талаптардың табылуына жетелейді. Б.Г. Ананьев балалардың мектептегі оқу процесі олардың бүкіл өмірін жаңаша ұйымдастырып, баланың жанұядағы орнын өзгертетіндігіне

ерекше көңіл қояды. Себебі онда жанұядан тыс мәселелер, яғни міндетті оқу еңбегі пайда болады.

Психологтар бастауыш мектеп жасындағы оқушының жеке тұлғасының қалыптасуындағы оқу іс-әрекетінің мәніне ерекше көңіл бөліп, осы мәселенің "оқушының ішкі позициясы", (Л.И. Божович), "оның танымдық және адамгершілікті күштерінің дамуының жаңа көздерін ашатын, мінез-құлық мотивтерінің өзгерісі" (В.В. Давыдов), Н.Ф. Добрыниннің ойынша баланың "мектепте негізгі оқу міндетін" сезінуде қамтылған қоғамдық орнының өзгерісі сияқты аспектілерді бөліп көрсетеді. Бастауыш сыныптағы оқушыларды зерттейтін кеңес психологтары (Л.С. Выготский, И.В. Дубровина, Н.Ф. Добрынин) теория және эксперимент жүзінде, осы жастағы балалардың жеке тұлғасының дамуын, оның оқуға қатысы мен балалардың танымдық қызығушылықтарының, адамгершілік қасиеттерінің, қабілеттерінің, эмоционалды сферасының дамуы арқылы ересектермен, құрдастарымен өзара қатынастары арқылы жүзеге асатындығын дәлелдеген.

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін осы жұмыс барысында оқушылардың оқуға қатынасы жайлы және олардың ересектермен, құрдастарымен өзара қатынастарының ерекшеліктері жайлы мәліметтер аса құнды болып табылады.

Кеңес психологиясында мотивациялық сфера өзінше қарастырылады. Ол адамның ақиқатқа, өз-өзіне, басқа адамға белсенді түрде бағытталған қатынасының күрделі жүйесін құрайды, әрі түрткілердің әртүрін қамтиды (Л.И. Божович). Баланың қай мотивті өзіне жетекші мотиві ретінде тандап алуына қатысты оның адамгершілік позициясы қалыптаса бастайды (Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев). Оқушының мотивациялық сферасы оның эмоционалды-еріктік сферасына, оның ақыл-ой әрекетіне әсер ететін түрлі қатынастардың қайта құрылуына әсер ететін өте мәнді фактор ретінде көрінетін педагогикалық бағалаумен анықталады.

Осы жастағы оқушылардың қарым-қатынастарының ерекшеліктерін сипаттай келе Л.И. Божович, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин балалардың құрдастармен жақындығына қарамастан ересек адам, әсіресе мұғалім олар үшін бедел иесі болып табылатындығын көрсетеді. Д.Б. Эльконин "баланың ересектермен қатынастарының барлық жүйесі жеке қарым-қатнасқа дейін оқу іс-әрекеті арқылы жанамаланады" деген қорытындыға келеді. Баланың оқу іс-әрекеті олардың өзіндік сана-сезіміне мұғалімнің әсер ету мүмкіншілігін ұлғайтады. Осындай көзқарастың негізінде бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектермен өзара қатынастары бір-біріне қайшы екі тенденциямен сипатталады. Бір жағынан ересектердің талаптарына мойынсыну, бағыну міндеті айқын көрінсе, екінші жағынан өзінің жеке басының дербестілігін, ынтасына хұқығын қорғау мақсатында дербестік пен тәуелдік сезімі пайда болады. Осы тұрғыдағы В.А. Сухомлинскийдің пікірі бойынша бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектермен қарым-қатынасы көргені жайлы әсерлерімен бөліну қажеттілігімен байланысты.

Осы мәселеге қатысты А.С.Золотнякованың позициясы көңіл

аудартады. Оның ойынша "бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектерге қатысты тәртіп сезімі әлі қалыптаспаған". Дамудың осы сатысында енді ғана сана-сезім қалыптаса бастайды. Жеке басының әлі де болса жеткілікті дәрежеде жетілмеуі, балада ересектермен қарым-қатынас жасау қажеттілігінің пайда болуына әкеледі.

Психологтардың ойынша бастауыш мектеп жасындағы балалардың өзара қатынастарының негізгі бет бейнесі, олардың достық қатынастарының сыртқы өмірлік жағдайлары мен кездейсоқ қызығушылықтарының бірігуіне сүйенуі ретінде қарастырылады. Құрдастарының берген бағасы өзіндік бағалаудың қалыптасуына негіз болмайды. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасында жоғары сезімнің алғашқы көріністері байқала бастайды.

Сонымен, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектермен қарым-қатынасы мәселелері бойынша психологиялық әдебиеттерді талдай отырып, осы жас шамасындағы ересектермен қарым-қатынас тұлғаның дамуының негізгі факторларының бірі болатындығы анықталды. Зерттелініп отырған жас шамасындағы балалардың ересектермен, әсіресе мұғаліммен қарым-қатынасы олардың оқу іс-әрекетіне орай дамудың жаңа әлеуметтік жағдайымен байланысты болуы маңызды болып табылады.

Осы жас шамасының жетекші іс-әрекеті оқу болып табылады. Оқу процесінде адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы балалардың құрдастарын өзінің жеке басын жаңаша қабылдауы арқылы болады. Баланың айналасындағылармен өзара қатынастарының негізгі және баланың жеке тұлғасы үшін мәнді басқа қасиеттері қалыптаса бастайды.

Көрсетілген көзқарастың негізінде оқушы балалардың қарым-қатынастарының мотивациялық-қажеттілігі сферасын осы процестің жеке тұлғаның дамуына әсерінің ерекшеліктерін бөліп алу әрекеттері жасалынады. Бастауыш сыныптағы оқушылардың қарым-қатынасының ерекшелігін зерттеу барысында, біз қарым-қатынасты іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастыруды жөн көрдік. Қарым-қатынас өз-өзін және басқа адамдарды тану қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет ретінде қарастырылады (М.И.Лисина).

Жеке тұлға қалыптасуының жас ерекшелік заңдылықтарының мәселелері бойынша алынған психологиялық зерттеулердің талдау жұмысы, ересектермен қарым-қатынас, жеке тұлға дамуының әр сатысына айрықша әсер ететін көрсетеді (М.И. Лисина, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконин). Осы үрдістің ерекшеліктері әр жасқа тән баланың қоршаған ортамен арасындағы дамудың «әлеуметтік жағдайы» деп аталатын өзіндік қатынасымен анықталады (Л.С. Выготский).

Баланың мектептегі өзгерістер өмірлік тәжірибесін байытады. Оларда түрлі қағынастардың, құрбыларының арасында өзіне тән нақты орынды иелену ұмтылысы пайда болды (А.Н.Леоньев, Л.И.Божович, И.В.Дубровина, Б.Г.Ананьев). Бастауыш мектеп жасында балалардың ересектермен, әсіресе мұғаліммен қарым-қатынастары ерекше мәнге ие болады. Өйткені осы жас шамасындағы балада мектептегі оқуға өтумен байланысты өзінің іс-

әрекетіне, ересектермен және құрбылармен жаңа қатынасқа, жаңа өмір салтына өту дайындығымен қатар, білімдерді меңгеру дайындығын қамтитын, оқушының әлеуметтік позициясы қалыптасады (Л.И. Божович). Бала мектепке келісімен оқығысы келу тілегімен қатар осының жүзеге асыра алмаумен байланысты қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтарға ұрынады (Л.С. Славина, В.В. Давыдов, И.В. Дубровина). Ересек адам баланы жаңа іс-әрекеттерді орындауға неғұрлым дұрыс үйрететін болса, оқушының оқуға деген қызығушылығы соғұрлым нығая түседі де, оқудың қандай да бір жағымды мотивациясы қалыптасады. Соңғысы аса мәнді, өйткені бастауыш сыныптағы оқушының жеке тұлғасының дамуы көбіне оқу іс-әрекетінің мотивтерінің бағыттылығымен анықталады.

Балалардың ересектермен араласқысы келуінің қарқынды сипаты бастауыш сынып кезеңіндегі қарым-қатынастың даму сипаты болып табылады (Л.И. Божович, И.В. Дубровина, Д.Б. Эльконин және т.б.).

Бастауыш сыныптағы оқушы үшін аса маңызды ересек – мұғалім. Оқушылардың мұғаліммен қатынасын талдау үшін жағымды және жағымсыз дау-дамай қатынасын сияқты көрсеткіштерді анықтауды жөн көрдік.

Оқушы мұғаліммен тілектес ашық қарым-қатынасты танытып оны "қабылдайтын" қарым-қатынас сипатын жағымды қатынас деп атайды.

Оқушы мұғаліммен қатынасында агрессивтілікті, дөрекілікті немесе тұйықтылықты танытып, оны мойындамайтын қарым-қатынас түрін жағымсыз қарым-қатынас деп атайды.

Оқушы мұғалімді бір жағынан мойындамай немқұрайлылық, тұрақтылықпен қатар жасырын, әрі өте терең қызығушылық танытудың қарама-қарсы түрін дау-дамайлы қарым-қатынас деп атаймыз.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың қарым-қатынасының мотивтері іскер және жеке мотивтердің негізінде талданды.

Қарым-қатынас серіктестерінің формальды құқықтары мен міндеттері жүзеге асатын мотив түрін, қарым-қатынастың іскер мотиві деп атаймыз.

Серіктестіктердің бір-біріндегі қарым-қатынас субъективті қажеттіліктері жүзеге асатын мотивті, қарым-қатынастың жеке мотиві деп атаймыз.

Сонымен, балалардың мектептегі қарым-қатынасының сипаты жанұядағы қарым-қатынас түрінен біршама ерекшелінеді (М.И.Лисина, И.В.Дубровина). Мұғалім-оқушы қатынастарының жүйесі ондағы пайда болған кедергілермен ерекшеленеді. Мұғалім – оқушы қатынастарының құрылымы ең қарапайым кеңістіктегі байланыстардан бастап, тұрақты сипаттағы өте күрделі өзара қатынастарға дейін, түрлі әлеуметтік байланыстар жүйесінен тұрады. Обьективті қажеттіліктерден пайда болған осы қатынастар жүйесі мақсатты бағдарға ие болып, саналы қойылған міндеттермен реттеледі. Алайда, қарастырылып отырған қатынастардың өзара әрекеттесуші жақтары, мазмұны, бір-біріне әсер ету күші бойынша тең бағалы болмайды. Жетекші жағы әрине мұғалімнің адамгершілікке тәрбиелейтін сенімдері, оның қылықтары оқушылармен жүзеге асатын адамгершілік тұрғысындағы қатынастарына өз әсерін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абрамова Г.С. *Возрасная психология: Учебное пособие*. - М.: Академия, Гариттер, 1997.
2. *Азбука нравственного воспитания* / Под.ред. И.А.Кайрова, О.С.Богдановой, изд 2-е, переработ и доп. – М.: Просвещение, 1975.
3. Давыдов В.В. *Психология развития в младшем школьном возрасте* // В кн.: *Возрастная педагогика и психология* / Под ред. А.В.Петровского, 2-е изд. - М.: Просвещение, 1979.
4. Зеньковский В.В. *Психология детства: Учебное пособие*. - М.: Академия, 1996.
5. Золотнякова А.С. *Личность в структуре педагогического общения/Пособие по спец курсу*. – Ростов-н/Д.: РГПИ, 1995.

Резюме

В статье рассматриваются психологические особенности общения учащихся младших классов.

Summary

The article considers the psychological peculiarities of the primary scholars' communication.

ГРУППОВАЯ ПСИХОКОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА КАК ФОРМА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

З.Ш.Каракулова –

СНС НИИ психологии КазНПУ им.Абая

Вначале групповая психокоррекционная работа проводилась по экономическим соображениям (стремление охватить как можно большее число людей, нуждающихся в психотерапии), но в последующем было обнаружено, что взаимодействие в группе часто дает гораздо больший психологический эффект, чем общение клиента наедине с психотерапевтом. Известный специалист по проблемам социальной психологии К. Левин авторитетно заявлял, что "обычно легче изменить индивидуумов, собранных в группу, чем изменить каждого из них в отдельности" /1/. К. Роджерс также со временем стал сторонником групповой психокоррекционной работы и писал, что в психотерапевтической группе "человек познает себя и других глубже, чем в обычных жизненных обстоятельствах. Он постигает сущность окружающего и свое внутреннее "я", которое, как правило, скрыто под внешней оболочкой. Наконец, он лучше контактирует с людьми как в группе, так и затем и в повседневной жизни"/2/.

В связи с этим можно выделить следующие преимущества групповой формы психокоррекционной работы по сравнению с индивидуальной:

1) психокоррекционная группа способна воссоздавать, моделировать многие социально-психологические явления (давление группы, взаимодействие людей, лидерство, конфликт и др.), которые возникают в реальных группах, и тем самым предоставлять возможность ее участникам наблюдать эти явления и учиться разрешать межличностные проблемы;

2) группа дает возможность получать обратную связь и поддержку от других членов группы, увидеть их реакцию на особенности своего поведения; экспериментировать с различными стилями отношений среди равных партнеров;

3) группа дает возможность облегчить процесс самоисследования, внести коррективы в представления о себе (своей "Я-концепции");

4) группа дает возможность сравнивать свои проблемы с проблемами других людей, поделиться своим опытом их разрешения и перенять опыт других;

5) работа в группе позволяет развивать коммуникативные и другие социальные качества, которые вне социальной общности не способны формироваться.

Психокоррекционные группы в психологической службе различаются по различным параметрам. По направленности психокоррекционных целей: группы личностного роста (цель - развитие самоактуализации и социально важных качеств), психотерапевтические группы (цель - изменение психических состояний и личностных качеств, имеющих отклонение от психической нормы), группы организационного развития (цель - формирование прогрессивного организационного климата в конкретном подразделении) /3/.

По характеру (содержанию) решаемых задач могут быть группы сензитивности (развития психологической чувствительности), развития уверенности в себе, развития организаторских способностей, группы анонимных алкоголиков и т.п.

В зависимости от теоретической концепции, в русле которой проводится групповая психокоррекционная работа, чаще всего встречаются следующие группы: трансактного анализа, аутотренинга, тренинга умений, гештальт-группы, группы встреч, нейролингвистического программ-мирования /3/.

Теоретическая концепция и методика проведения психокоррекционной работы в группах, по мнению специалистов по гуманистической психологии, строится на убеждении, что клиент сам в состоянии осознать свои проблемы и обсуждать их вместе с группой /4/. Внешне работа роджеровских групп напоминает работу дискуссионного клуба, и неслучайно они получили название групп встреч ("энкаунтер-группы").

Динамика развития роджеровских групп встреч весьма специфична: настороженность (замешательство, закрытость) на начальном этапе;

описание ранее пережитых ситуаций; лишь впоследствии - самораскрытие, изложение личностно значимого материала, выражение спонтанных чувств между участниками группы; столкновение; наконец, взаимопомощь, выражение положительных чувств и близости /4/. Группы встреч начали активно проводиться не только с законопослушными гражданами, но и с правонарушителями как за рубежом, так и в нашей стране.

Одна из форм групповой психокоррекционной работы, ориентированной прежде всего на развитие личности или отдельных ее компонентов (например, коммуникативных качеств, социальных навыков поведения), называется социально-психологическим тренингом (СПТ). По мнению Л.А.Петровской, данным термином обозначают "практику психологического воздействия, основанную на активных методах групповой работы". Если при использовании терминов "групповая психотерапия", "групповая психокоррекция" речь может идти и о клинической и психологической направленности воздействия на клиентов, то термин "социально-психологический тренинг" используется только как психологический феномен /5/.

В ходе социально-психологического тренинга применяется ряд методов: групповая дискуссия (биографическая, тематическая, межличностная), анализ конкретных ситуаций; ролевая игра; психодрама; психотехнические упражнения /6/.

При всем многообразии теоретических и методических подходов в социально-психологических тренингах, при проведении их психологи основываются на относительно общих принципах (правилах) поведения участников (клиентов и психолога).

Принципы проведения социально-психологических тренингов - это ведущие теоретические и методические положения, которые лежат в основе взаимодействия участников группы. Принципы СПТ раскрывают психологические механизмы, способствующие развитию и коррекции личности руководителя, а также правила поведения участников тренинга и ведущего (психолога, психотерапевта).

Принцип персональной ответственности. Каждый участник тренинга должен осознавать, что результаты обучения и личностного роста зависят прежде всего от него самого. Каждый несет ответственность за свое поведение в группе и реальной жизни. Во время тренинга не должно быть выражений: "Мы считаем", "Мы думаем..." и т.п., "Я считаю...", "Я думаю..." - таково выражение персональной ответственности за свою позицию. Руководитель группы (психолог) должен принять на себя ответственность за результаты обучения персонала.

Принцип самораскрытия. Раскрытие своего "я" (внутреннего мира) другим членам группы есть признак сильной и здоровой личности. Пытаясь скрыть самих себя от других людей, мы тем самым предпринимая активные усилия для построения ложного внешнего "я". Как подчеркивает К. Рудестам, "возможность открыть свою душу симпатизирующему слушателю, оказывает

психотерапевтическое воздействие". Поэтому в ходе СПТ необходимо поощрять участников к раскрытию себя другим и таким образом устанавливать близкие, доверительные отношения. В условиях социально-психологического тренинга группа выполняет те же функции, что и священник, врач-психотерапевт, психолог-консультант, когда к ним обращаются за помощью пациенты /7/.

Принцип "Здесь и сейчас". Исследования показывают, что оптимальные результаты при обучении дает актуальный опыт (то, что происходит сейчас). Поэтому в ходе социально-психологического тренинга участникам постоянно ставят вопросы: "Что здесь происходит?" (имея в виду складывающиеся взаимоотношения между членами группы), "Что ты чувствуешь в связи с тем, что остановили твой монолог?" и т.п. Принцип "Здесь и сейчас" заставляет анализировать не то, что было раньше, а те события, которые лично значимы для человека сейчас. Это один из центральных принципов групповой психотерапии, он способствует освобождению от мучающих человека переживаний, развивает психологическую чувствительность, повышает осознание самого себя /7/.

Принцип "обратной связи". Обратная связь является элементом коммуникативной системы и осуществляется, когда одни участники группы сообщают о своих реакциях на поведение других с целью помочь им откорректировать "курс" в направлении достижения целей.

Такая связь в атмосфере взаимной заботы и доверия позволяет индивидуумам контролировать и направлять неадекватное поведение, дает возможность глубже познать самого себя. Например, активность некоторых участников в решении групповых проблем может восприниматься ими самими как желание помочь другим, а остальной группой - как попытка доминировать в группе или желание порисоваться. Эффективная обратная связь требует от участников информировать друг друга о влиянии их поведения, помогает участникам точнее принимать и понимать получаемую информацию.

Обратная связь более эффективна, если она не носит прямых оценочных суждений, а описывает поведение человека. Пример: оценочное суждение: "Ты - несдержанный человек..."; безоценочное: "Ты меня прервал, можно мне продолжить...".

Полезная обратная связь должна являться скорее выражением эмоциональных реакций на поведение участника, чем критикой и оценкой его поведения. Пример: "Когда ты бросил реплику в мой адрес, я разозлился". Другими словами, обратная связь обнаруживает в большей степени собственные эмоциональные переживания (например, гнев) участников, чем желание обвинить другого в злонамеренности или агрессивности.

Принцип гуманистического отношения к личности выражается в уважительном отношении друг к другу, в принятии людей такими, какие они есть. Психолог и член группы не должны стремиться переделать человека.

Каждый вправе говорить о том, как он воспринимает другого, какие чувства у него возникают в связи с поведением и высказыванием партнеров. Решение о необходимости коррекции и развитии своих качеств каждый должен принимать самостоятельно. Группа и ведущий лишь помогают в осознании уровня своего психологического развития.

Участие в тренинге и выполнении отдельных процедур является добровольным. Нельзя заставлять других делать то, на что они не могут решиться. Тот член группы, который не хочет отвечать на какой-либо вопрос, участвовать в какой-то игре, может всегда сказать "стоп" (правило "стоп"). Никто не вправе принуждать другого. Но следует помнить: когда участник тренинга часто пользуется этим правилом, он обедняет самого себя.

Принцип гуманности предполагает психологическую защищенность личности, уверенность в том, что доверительная информация не станет предметом обсуждения вне группы, не будет использована против личности (правило конфиденциальности).

У современной психологии есть различные рычаги, оказывающие влияние на психологическое состояние людей, а значит и их практическую деятельность. Психологическая помощь человеку может быть оказана в ситуации не только существующей объективно, но и в случае субъективно переживаемого неблагополучия.

Переживания человека могут быть очень сильны и выражаться в глубоком недовольстве собой, окружающими, жизнью в целом, в страдании переходящем в боль. Тогда требуются не просто консультации, но иногда и экстренная психотерапевтическая помощь, а если страдания человека формируются в клиническую картину заболевания, то человек вынужден обращаться к врачу.

Психологическая помощь нужна в случаях, когда:

- неблагополучие связано с особенностями личности человека, его характера взаимоотношений с окружающими, особенностями жизненных ситуаций;
- человек, обратившийся за помощью не является больным, но испытывает какой-либо дискомфорт в психологическом отношении /3/.

Психологический анализ деятельности обратившегося в психологическую службу.

Прежде чем осуществлять психологическую помощь, психологу нужно провести психологический анализ деятельности человека, изучая с какими проблемами в условиях реальной деятельности, он сталкивается, отражениями этой деятельности в голове человека и осуществлением регулирующей функции по отношению к движениям человеческого тела.

Задача психолога изучить влияние деятельности на развитие психических процессов, состояний и свойств человека, психического склада личности.

Внешняя предметная деятельность человека связана с внутренней деятельностью, т.е. предметные действия над объектом заменяются

психическими операциями, такой переход от внешнего реального действия к внутреннему идеальному называется интериоризацией /8/. Согласно Ж.Пиаже, благодаря интериоризации, у психики человека появляется способность оперировать образами предметов, находящихся вне поля его зрения /9/.

Во время интериоризации происходит качественное изменение психической жизни. Внешняя сторона человеческой деятельности связана с движениями, с их помощью человек воздействует на окружающий мир, при этом она определяется и регулируется внутренней психической деятельностью. Для полного понимания роли психики, в деятельности человека нужно изучая внешнюю сторону его деятельности, выявить внутреннюю психическую сторону.

В любом случае психологическая помощь индивидуальна и должна быть основана на глубоком проникновении в личность обратившегося за помощью, в его чувства, переживания, установки, картину мира, межличностные отношения с окружающими.

В той или иной форме все направления психологии ставят перед собой задачу: привести личность к более целостному состоянию, то есть интегрировать те или иные "части", которые до этого были диссоциированы. Однако в настоящих моделях исследуются конфликты только между отдельными "частями" личности и не предлагается метод общей интеграции.

К сожалению, большинство современных психологов не ставят перед собой задачу развития личности, они озабочены практическими, прагматическими аспектами: укреплением силы эго, развитием и оптимизацией защитных механизмов личности. Они не считают, что психология должна вести человека к "высшему состоянию".

Список литературы:

1. *Фрейджер Р., Фэйдмен Д. Теории личности и личностный рост.* -М., 2005.
2. *Rogers K. Toward a more human science of the person //Journal of Humanistic Psychology.* - 1985. - № 4.
3. *Коляну Н. Эмпирическая психотерапия. Теория. Наблюдения. Практика.* - Ростов-на-Дону: Феникс, 2004.
4. *Роджерс К. Клиент-центрированная психотерапия.* – М.: Психотерапия, 2007.
5. *Петровская Л.А. Компетентность в общении: социально-психологический тренинг.* - М.: МГУ, 1989.
6. *Большаков В.Ю. Психотренинг: Социодинамика. Упражнения. Игры.* – СПб.: Социально-психологический центр, 1996.
7. *Рудестам К. Групповая психотерапия.* - М.: Прогресс, 1990.
8. *Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6-ти т.-М., 1982.-Т.1.-С. 387.*
9. *Ярошевский М.Г. История психологии: от античности до середины XX в.* - М., 1996.

Түйін

Бұл мақалада психологиялық көмек көрсету психология мен психотерапияның байланысы ретінде қарастырылады.

Summary

The article elucidates the psychological consulting principle. Author extends the ways of psychodiagnostic and psychocorrection.

XX ҒАСЫРДЫҢ АТАҚТЫ ПСИХОЛОГТАРЫ ҒЫЛЫМ ӘДІСНАМАШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ

Д.И.Ордагулова -

психология магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақаланың негізгі мақсаты - жалпы психологиялық теориялардың негізінде жатқан бірнеше әдіснамалық алғышарттар мен осы теориялардан шығатын ғылыми әдіснамалық қорытындыларды талдау.

Психологияның дамуына осы теориялардың ықпалы өте жоғары болды, себебі осы теориялардан шығатын қорытындылар жан-жақты және әртүрлі деңгейдегі әдіснамалық білімдерге жатады (кесте 1).

Кесте 1 - Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясының әдіснамалық
алғышарттары мен нәтижелері

Әдіснамалық білім деңгейі	Алғышарттар	Нәтижелер
Философиялық-дүниетанымдық деңгей	К.Маркс пен Ф.Энгельстің тарихи материализмі	Материалдық пен идеалды формаларды ажыратуды жою
Жалпығылыми деңгей		Психиканы зерттеудегі жүйелі әдіснама
Нақты-ғылыми деңгей	Клиникалық психология, әдебиеттану әдістері	Мәдени-тарихи психологияны құру бағдарламасы
Зерттеу процедуралары мен техникалары деңгейі	Классикалық тестология және педологиялық диагностика	Қалыптастырушы эксперимент

1 кестеде Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясының әдіснамалық алғышарттары мен Выготскийдің өзі ұсынған немесе оның теориясынан шығатын ғылымның әдіснамалық мәселелерінің шешімдері көрсетілген.

Мәдени-тарихи психологияның философиялық-әдіснамалық негізі - марксизм. Сонымен бірге, Выготский өз заманының шетелдік философиясы мен Күміс ғасырдың орыс философиясын жақсы меңгерген болатын. Мәдени-тарихи теорияның шеңберінде Выготский кейбір маңызды

философиялық мәселелерді анықтады.

Солардың бірі, В.П.Зинченконың көрсетуінше, материалдық пен идеалдықтың, ішкі мен сыртқының диалектикасы. Мәдени-тарихи теорияға қатысты бірқатар философиялық сұрақтар туады, мысалы: материалдық негізге ие, алайда адам үшін қандай да бір мәнге ие болатын белгіні (знак) материалдық объект деп санауға бола ма?

Келесі сұрақ идеал формадағы аффективті-мәнді құрылымдарды объективациялаумен байланысты. Өнер туындылары адам жанының субъективті күйлерін идеалда объективациялаудың нәтижесі болып табылады. В.П.Зинченко адамның еңбек құралдарын жасап шығаруын да идеалды объективациялау ретінде қарастырады.

Мәдени-тарихи теориядан материалдық пен идеалдықты, ішкі және сыртқыны қарсы қоюдың заңсыздығы туралы қорытынды шығады, ол классикалық психологияға тән.

Сонымен қатар, Выготский осы мәселеге классикалық емес тұрғыдан да қарайды. Бұл мәдени-тарихи теорияның тек бір ғана философиялық қорытындысы. Мәдени-тарихи теорияның жалпығылыми-әдіснамалық деңгейде айқын алғышарттары болмады. Барлық жалпығылыми-әдіснамалық бағыттар Выготскийдің тірі кезінде не әлі өңделмеген болатын, не мүлде болмаған болатын.

Л.С.Выготский теориясының жалпығылыми-әдіснамалық мәні, онда отандық психология тарихында ең алғаш рет психикалық шындықты зерттеудегі жүйелік тұрғысы жүзеге асырылды. В.Н.Садовскийдің (1981) көрсетуінше, Л.С.Выготский идеялары 40-шы жылдары ғана құрастырылған Л. фон Бергаланфидің жүйелердің жалпы теориясын болжап қойды. Л.С.Выготский мен Н.А.Бернштейн көзқарастарын салыстыру, олардың шындықты зерттеуде жүйелілік-құрылымдық бағытты алға қойғандарын және біртұтас - бөлшектердің жиынтығына тең келмейді деген принципті ұстанғандарын көрсетті [1]. Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясының көптеген нақты-ғылыми әдіснамалық негіздерін атауға болады. Бұл гештальтпсихология, XX ғасырдың бірінші онжылдығындағы клиникалық психология, жаңадан пайда болып келе жатқан Ж.Пиаженің интеллект теориясы.

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясының әдіснамалық мәні, оның И.Лакатос терминдерін қолдана отырып, күні бүгінге дейін өзінің эвристикалық күшін жоғалтпаған отандық психологиядағы аса маңызды зерттеу бағдарламасы болғандығында және болып қала беретіндігінде. Мәдени-тарихи психология зерттеу бағдарламасы ретінде әр автормен әртүрлі түсіндіріледі. Себебі, ол әртүрлі мәселелерді шеше алатын жан-жақты және бейімделгіш теория болып табылады.

Выготский теориясын зерттеу бағдарламасы ретінде қолдана бастаған психологияның салаларын ұзақ тізіп шығуға болады. Выготскийдің тірі кезінде-ақ мәдени-тарихи теория балалар психологиясында, дефектологияда, ойлаудың онтогенезде дамуын зерттеуде сәтті қолданыла бастады.

Зерттеудің жаңа процедуралары мен техникаларын өңдеу үшін де мәдени-тарихи теорияның әдіснамалық мәні аса зор.

Выготский қалыптастырушы эксперимент сияқты психологиялық зерттеудің жаңа әдісін ұсынды. «Екі есе» ынталандыру әдістемелері жанамалықты зертеудегі кеңінен таралған әдіске айналды. Выготскийдің аса маңызды идеяларының бірі, педологиялық диагноздың (Выготский үшін бұл ең алдымен психологиялық диагноз) әдіснамасына қатысты болды.

Оның пікірінше, диагноз құрылымдық болуы қажет, яғни аномальды (кемістік) дамудың себептерін ашуы, бірінші және екінші дефектердің байланысын көрсетуі қажет.

Л.С.Выготский қалыптастырған зерттеу процедуралары мен техникаларының әдіснамасы қазіргі заманғы ресей психологиясында даму үстінде. 2 кестеде К.Левиннің өріс теориясының алғышарттары мен қорытындылары берілген.

Кесте 2 - К.Левиннің психологиялық өріс теориясының әдіснамалық алғышарттары мен қорытындылары

Әдіснамалық білім деңгейі	Алғышарттар	Қорытындылар
Философиялық-дүниетанымдық деңгей	Э.Гуссерль феноменологиясы	Теориялық жалпылау үшін жеке жағдайдың мәні, гносеологиялық мәселе ретінде
Жалпығылыми деңгей	Өрістің физикалық теориясыпсихикалық құбылыстарды суреттеу тілі ретінде	Түсініктер жүйелерін суреттеу тілі ретінде бір ғылымнан екіншісіне көшіру мүмкіндігі
Нақты-ғылыми деңгей	Гештальт-психологияның зерттеу бағдарламасы	Үш нақты-ғылыми әдіснамалық бағдарламалар (Леонтьев, 2001)
Зерттеу процедурасы мен техникасы деңгейі	Гештальтпсихологиядағы эксперименттер	Тұлға қасиеттерін зерттеудегі эксперименталды сынақ әдісі, топтық тренинг әдісі

Кестеден көрініп тұрғандай, К.Левин үшін Э.Гуссерльдің феноменологиясы ең бір маңызды философиялық-әдіснамалық негіздердің біріне айналды. К.Левиннің еңбектерінде маңызды философиялық мәселелер анықталады: психиканың зыңдылығы, жеке мен жалпының диалектикасы. К.Левин бұл мәселені ғылым заңдарын жеке жағдайларға байланысты зерттеу мүмкіндігін талқылауға байланысты қояды.

К.Левин жалпығылыми әдіснама ретінде физикалық өріс теориясы мен математикалық топологияны алды, бұл теориядан К.Левин психологияға психикалық құбылыстарды суреттеу тілін алып келді. Өткен жылдардың кеңестік әдебиеттерінде К.Левинді физикалық редукционизммен үстірт және әділетсіз айыптады. К.Левин үшін физикалық өріс теориясы, математикалық

топология терминдері психиканы түсіндірудің үлгісі емес, тек суреттеу тілі ғана болғандығын атап өткен жөн.

К.Левин теориясының жалпығылыми әдіснамалық мәні, ол психологтар арасынан алғашқылардың бірі болып басқа ғылымның жалпығылыми әдіснамасын психологияға алып келді. Ең алғаш рет К.Левин объектінің тартымдылығы түсінігін валенттілік түсінігімен ауыстырды [2], яғни ол бұны жалпығылыми-әдіснамалық үлгілердің бір ғылымнан екінші бір ғылымға ауысу үрдісі кеңінен таралмай тұрып жасады.

К.Левиннің нақты ғылыми әдіснамасы бір-бірінің орнын басатын, дегенмен мәнді ерекшеліктері бар үш зерттеу бағдарламасынан тұрады:

1. «Галилей психологиясы» (1917-1931). Бұл бағдарламаның негізгі идеялары – психиканың заңдылығы, психика заңдарын жеке жағдайдан алынған мәліметтер негізінде зерттеу мүмкіндігі, назарды объект табиғатынан оның басқа объектілермен өзара байланысуын талдауға ауыстыру. Галилей алғашқылардың бірі болып кез-келген объект өз қасиеттерін басқа объектілермен өзара әрекеттесу кезінде ғана көрсетеді дегенді айтты, сондықтан бұл бағдарлама осындай атқа ие болды. Бағдарламаның классикалық еместігіне қарамастан, Левин сол уақыттарда психологияны биологияға жақын жаратылыстану ғылымы ретінде қарастырды, ал ғылымилықтың идеалы ретінде ол физиканы қарастырды.

2. «Психологиялық өріс» индивидтің субъективті жағдайын зерттеу бағдарламасы болып табылады. Дәл осыны суреттеу үшін өріс теориясы мен математикалық топологияның тілі қажет болды. Тұлғаны зерттеу әдіснамасы көзделді. Берілген зерттеу бағдарламасы классикалық емес бағдарлама болып табылады, ал физика К.Левин үшін ғылымилықтың идеялы болудан қалды.

Психологтің педагогпен жұмыс істеуінің басты мақсаты: маман шеберлігіне және психологиялық компоненттерге байланысты педагогтің категория тандауына көмек көрсету. Педагогтің кәсіби тұрақталуына көп факторлар әсер етеді. Оның кейбіреуін көрсетіп өтейік. Ол кәсіби педагогикалық педагогтің еңбек ету мерзіміне байланысты.

1-5 жыл – бұл уақыт жоғарғы оқу орындарының түлектерінің мектеп жұмысына бейімделуі. Жас маман иесі педагогикалық іс-әрекет туралы жеткілікті біледі, бірақ тәжірбиелік жағынан аз біледі. Ол әлі өзін кәсіби жоспарда анықтаған жоқ. «Отбасы», «жакын», «туыс», «достар» деген ұғымдардыбасты құндылықтар ретінде қарастырады. Бұл өспелі топта өзінің мамандығына сай емес ұстаздардың ең жоғарғы пайыздық көрсеткіші зерттеу бойынша – 28,3 %. Олардың сабақ жүргізулерінде бұйрықтар басым болады. Психолог осындай ұстазбен жұмыс істей отырып, бейімделу кезінде педагог пен оқушы арасында қақтығыстың болмауын қадағалап отыруы қажет. Педагогтің өзіне сенімділігін одан ары арттыру өте маңызды.

6-10 жыл аралығында педагогтің кәсіби іс-әрекеті тұрақталынып, кәсіби ұстанымы құрылады. Педагогтің оқушылармен қақтығыстары азаяды. Жылдан жылға педагогтің кәсіби мәнділігі жоғарылайды. Бұл кезеңде психолог педагогке психологиялық ресурстардың мағыналылығын және оның шектеулігін байқауы қажет.

11-15 жыл еңбек өтілі бар педагогтер - өзінің кәсібіне байланысты, мысалы: жұмыс тәсілін, балалардың қарым-қатынас стилін, тағы басқаларды өзгеруде туындайтын «педагогикалық дағдарысқа» тап болады. Бұл топтағы ұстаздар оқушыларға көп көңіл бөліп, олардың бір-бірімен қарым-қатынастарын түзете алады. Оларды жас ұстаздармен салыстырғанда талаптарды, қорқыту әдістерімен, жазалауды аз қолданады. Бұл топтағы ұстаздарға психолог рефлексивтік тренингтер жүргізіп, қабылдаудың жаңа тәсілдерін құруға, шығармашылық және шеберлік жұмыстарымен айналысуына көмектесуге болады.

Келесі, мектепте 16-20 жыл істейтіндер, оларда «жарты өмір»

дағдарысы болады. Бұл жас аралығында «мен шыншыл» және «мен кемшіліксіз» екеуінің арасында сәйкессіздік пайда болады. Одан кәсіптік шеберліктің төмендеуі болуы мүмкін, ал бір жағынан бұл уақыт аралығында кәсіби өсуі, өзінің жұмысының ауқымы кеңейеді.

Ал 21-25 жыл еңбек өтілі бар педагогтер жоғарғы көрсеткішті нәтижелер береді. Психологиялық мағынада өздерін таза кәсіпкерлікке арнауына болады, өйткені бұл кезде өзінің балалары ер жетіп, өсіп қалады. Бұл уақытта педагогке психолог: өмірдегі жеткен жетістіктері тек қана өзінің арқасында екенін түсіндіру керек. Сонымен қатар ұстаз ылғи психологпен контактіге түсуге даяр бола бермейді.

25 жылдан көп істеген педагог көбінесе кәсіби жұмыстардан кате табуға тырысады, жаңадан енген жоспарларды қабылдауға ырық бермейді және психологиялық-эмоциялық қарсылық туады. Мұндайда психолог педагогпен жұмысында оның мамандығына сай орындаған үлкен жұмыстарын ұмытпауға көмектесуі керек.

Педагогтер психологтің қызметін ұйымдастырудың қиын категориясына жатады. Олар психологиялық қызметті әр түрлі қабылдайды: бірлесіп жұмыс істеуге талпынумен немесе қызығушылықпен, талғаусыздықпен, сенбеушілікпен тіпті ашық жақтырмаушылықпен. Тек қана психологтің жоғарғы деңгейдегі түсінушілігі мен практикалық бағытты жұмыстары оның педагогикалық ұжымда сенімділігін жеңіп алуға көмектеседі. Ең жақсысы барлығын жеке адамның психодиагностикасынан бастау: әрбір адамға танымдылық тән емес пе? Қай педагогтің болмасын ерекшеліктерін танып білген соң оларға міндетті түрде өзінің оптимистік бағытқа бұру туралы кеңес беру керек. Психологтің нақты диагноз жасауы үшін оған педагогпен жұмыс кезінде және қарым-қатынаста үнемі бақылау үстінде болуы қажет. Ол үшін оқыту-тәрбиелік үрдістеріне талдау жасаған жөн. Бірінші, кезеңдерге бұны әкімшіліктің көмегімен орындауға болады.

Педагогтердің жеке адам ретінде ерекшеліктеріне баға беруіне өте өткір көзбен қарайтынын ескере кеткен жөн, өйткені педагог басқаларды бағалап үйренген. Педагогке педагогикалық жағдайлардың қолайсыз дамуы оның өзінің әлсіздігімен немесе кемшіліктерімен екенін мойындау өте қиын. Психолог осындай қиындықтарды көре отыра қарым-қатынас, эмпатия, өзіндік бағалау әдістемелерін, әлеуметтік-психологиялық жағдайларға негізделген қағидаларды ұжыммен бірлесе ойлау және іс-әрекетті ұйымдастыруда арналған ойындарды, әлеуметтік психологиялық тренингтерді, релаксациялық жаттығуларды, психологиялық ағарту жұмыстарын, психологиялық кеңес беруді және т.с.с. іс-шараларды қолдануына болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Загвязинский В.Н. Педагогическое творчество учителя. – М., 1987.
2. Ильин Е.Н. Искусство общения. – М., 1982.

3. Канн – Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987.
4. Канн – Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М., 1990.
5. Лобанов А.А. Основы профессионально–педагогического общения. – М., 1990.
6. Маркова А.К. Психология труда учителя. - М., 1993.
7. Мудрик А.В. Учитель: мастерство и вдохновение. - М., 1986.
8. Основы педагогического мастерства /Под ред. И.А. Зязюна. - М., 1989.
9. Реан А.А. Психология педагогической деятельности. – Ижевск, 1994.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы совместной деятельности психолога и педагога в контексте школьной психологической службы.

Summary

In article it is considered problems of joint activity of the psychologist and the teacher in a context school psychological services.

К ВОПРОСУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ГОТОВНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

Н.С.Лавриненко -

магистр психологии СНС НИИ психологии КазНПУ имени Абая

Современное казахстанское общество предъявляет все более высокие требования к качеству подготовки специалистов с высшим образованием для всех областей социальной практики. Основной целью системы высшего образования является не только подготовка студентов к профессиональной деятельности, но и создание оптимальных условий для раскрытия и реализации их потенциальных возможностей, способностей и потребностей. В этой связи научной общественностью в течение ряда лет обсуждается вопрос о педагогическом профессионализме преподавателей высшей школы Казахстана и о новом содержании подготовки и переподготовки преподавательского состава. Однако, несмотря на все возрастающий интерес к проблеме профессионализации, лишь некоторые исследователи обращаются к разработке вопросов профессиональной адаптации. Поскольку будущее казахстанской системы высшего образования зависит от молодых преподавателей, находящихся сегодня в ситуации профессионального старта,

от их профессионализма и готовности реализовывать инновационные образовательные технологии, данное исследование является актуальным.

В последние десятилетия активно ведется поиск внутренних детерминант профессионализации в целом и профессиональной адаптации как неотъемлемой составляющей этого процесса. Систематизация исследовательского поиска позволяет выделить в качестве интегративной субъектной характеристики процесса профессиональной адаптации молодого преподавателя высшей школы его готовность к деятельности. В современной психологии представлены исследования общих проблем готовности к педагогической деятельности и более частных вопросов: готовности педагога к профориентационной работе в школе, к личностно ориентированному взаимодействию с младшими школьниками, к формированию индивидуального стиля педагогической деятельности и т.п. Однако подавляющее большинство авторов ограничивают изучение готовности стадиями адаптации и профессионального обучения, что накладывает отпечаток на определение готовности и ее компонентного состава, на выбор измерительных инструментов и разработку технологий ее формирования. Такое целостное, интегративное, неоднозначно детерминированное образование, каким является готовность к педагогической деятельности, не может быть окончательно сформировано на этапе подготовки.

Рассмотрение готовности к педагогической деятельности не только в период обучения, но и на этапе профессиональной адаптации преподавателя высшей школы дает информационную основу для построения системы психологического сопровождения процесса профессионального развития молодого преподавателя, что также определяет актуальность исследования

Кардинальные перемены, определяемые экономическими преобразованиями в РК, направленными на преодоление кризисных явлений, основанных на распаде тоталитарного государства и централизованной экономики, требуют новых подходов к научной разработке теории и практики воспитательной работы в современной школе, в том числе и высшей профессиональной. Республика Казахстан переживает сложный период перехода к демократическому общественному строю, развитию рыночных отношений, политической независимости, возрождению религии. Все это повлекло изменения в социальной жизни общества и повлияло на устоявшуюся систему ценностей.

В плане педагогических проблем общества на первое место выдвигается проблема воспитания молодого поколения с ориентиром на общечеловеческие ценности. Выдвижение на первый план современного миропонимания общечеловеческих ценностей свидетельствует об огромном преобразовании духовной культуры и нравственности человека.

Анализ отечественной педагогической и психологической литературы показал, что проблема готовности к профессиональной деятельности широко изучается в нескольких научных направлениях: педагогическом, психологическом, акмеологическом. В современной науке явление

готовности к профессиональной деятельности исследуется на различных уровнях.

Говоря о студенчестве как объекте педагогических влияний, необходимо учитывать, что к моменту начала его учебы в вузе он имеет свой собственный опыт духовно-нравственного поведения. Этот опыт приобретен им как эмпирическим путем, так и теоретическим.

Педагоги вуза, в чьи функции входит духовно-нравственное воспитание студентов, должны быть профессионально готовы к выполнению этого вида деятельности, включающего использование опыта духовно-нравственного поведения студента, накопленного к моменту начала учебы в вузе /1/.

В этой связи особую важность приобретают проблемы психологической готовности преподавателей к духовно-нравственному формированию личности студента.

В психологии выделяют заблаговременную, общую (или длительную) готовность и временную, ситуативную (состояние готовности).

Заблаговременная готовность (общая или длительная) представляет собой ранее приобретенные установки, знания, навыки, умения, мотивы деятельности. На ее основе возникает состояние готовности к выполнению тех или иных текущих задач деятельности.

Временное состояние готовности – это актуализация, приспособление всех сил, создание психологических возможностей для успешных действий в данный момент /2/.

Ситуативная готовность – это динамичное, целостное состояние личности, внутренняя настроенность на определенное поведение, мобилизация всех сил на активные и целесообразные действия, то есть приведение их в активное состояние. Будучи целостными образованиями, общая и ситуативная психологическая готовность включают следующие компоненты:

1. Мотивационные – потребность успешно выполнить поставленную задачу, интерес к деятельности, стремление добиться успеха и показать себя с лучшей стороны.

2. Познавательные – понимание обязанностей, задачи; умение оценить ее значимость, знание средств достижения цели, представление возможных изменений обстановки.

3. Эмоциональные – чувство ответственности, уверенность в успехе, воодушевление.

4. Волевые – адекватная мобилизация сил (полное соответствие степени напряжения функциональных возможностей требованиям, предъявляемым конкретными условиями) сосредоточение на задаче, отвлечение от мешающих воздействий, преодоление сомнений, страха.

Готовность человека к успешным действиям складывается из его личностных особенностей, уровня подготовленности.

Личностный аспект достаточно подробно представлен

К.К.Платоновым /2, с. 190/. Ученым разработана структура личности, в которой показаны качества личности учителя, необходимые для педагогической деятельности.

Согласно его схеме структура личности состоит из четырех иерархически расположенных подструктур. Четвертая, низшая, в основном биологически обусловленная подструктура включает темперамент, возрастные, половые свойства, на которые невозможно повлиять социальными средствами. Третья подструктура состоит из индивидуальных особенностей психических процессов, сформированных путем упражнения на основе биологических задатков. Вторая подструктура представляет собой опыт, в который входят знания, навыки, умения и привычки, приобретенные путем обучения. Первая высшая, подструктура обусловлена исключительно социально и включает направленность, мотивационную сферу, нравственные качества и другие особенности, формирующиеся путем воспитания.

Такое представление личностной структуры показывает, что от слоя к слою уменьшается роль биологически обусловленных характеристик личности и возрастает роль характеристик социальных. Каждый из этих уровней, по справедливому мнению К.К. Платонова, вносит свой вклад в формирование готовности к педагогической деятельности учителя.

Исходя из такого представления структуры личности И.А.Зимняя /4, с.157/ выделяет 3 плана соответствия психологических характеристик человека деятельности педагога. Первый план соответствия - предрасположенность или пригодность в широком неспецифическом смысле. Пригодность определяется биологическими, анатомио-физиологическими и психологическими особенностями человека, подразумевает отсутствие противопоказаний к деятельности типа «Человек-Человек» и предполагает норму интеллектуального развития, эмпатийность, положительный эмоциональный тон (стеничность эмоций), а также нормальный уровень развития коммуникативно-познавательной активности.

Второй план – личностная готовность к педагогической деятельности. Предполагает отрефлексированную направленность на профессию, мировоззренческую зрелость, широкую и системную профессионально-предметную компетентность, дидактическую потребность и потребность в аффилиации.

Третий план - включаемость во взаимодействие с другими людьми, в педагогическое общение. Предполагает легкость установления контакта с собеседником, адекватность реагирования на его высказывания и действия, умение следить за его реакцией, получение удовольствия от общения. С педагогом, умеющим воспринимать и правильно интерпретировать реакцию учеников, учащиеся чувствуют себя комфортнее и оказываются более мотивированы к учебной деятельности, чем при общении с учителем, не обладающим этими качествами. Пригодность, готовность и включаемость человека в педагогическую деятельность составляют три стороны его характеристики как потенциального субъекта данной деятельности. Полное

развитие каждая из них получает лишь по мере вхождения субъекта в деятельность.

Нельзя не согласиться и с мнением Н.В. Кузьминой /5, с. 57/, которая, на наш взгляд, касается, прежде всего, интеллектуального аспекта психологической готовности учителя к деятельности, заявляя, что психологическая готовность учителя к профессиональной деятельности характеризуется наличием у специалиста знаний, умений и навыков, позволяющих ему осуществлять свою деятельность на уровне современных требований науки и техники. Поскольку любая деятельность есть решение бесчисленного ряда задач, психологическая готовность в ней обнаруживается, прежде всего, в умении видеть задачи, их формулировать, применять методологию и методы, наиболее подходящие для их решения.

М.И. Дьяченко и Л.А. Кондыбович /2/ объясняют готовность как интегративное качество личности, включающее знания, умения, навыки, а также настрой на конкретные действия. Структура психологической готовности к различным видам деятельности характеризуется ими в следующих элементах: осознание своих потребностей, целей и задач, решение которых приводит к удовлетворению потребностей, осмысливание и оценка условий, в которых будут протекать действия, определение на основе опыта наиболее вероятных способов решения задач; оценка соотношения своих возможностей, в том числе уровня притязаний; мобилизацию сил в соответствии с условиями и задачами. Ими выделяются следующие компоненты готовности: мотивационный, ориентационный, познавательно-оценочный, эмоционально-волевой, оценочный. Готовность исследователями понимается как активно-действенное состояние личности, отражающее содержание стоящей перед ней задачи и условия предстоящего его выполнения и сводят данное понятие к психологической предпосылке эффективной деятельности.

Психологическая готовность преподавателя к педагогической деятельности – это сложная динамическая система, включающая мотивационные, интеллектуальные, эмоционально-волевые стороны психики, осознанные и неосознанные установки, модели вероятного поведения, определение оптимальных способов деятельности, оценку своих возможностей в их соответствии с предстоящими трудностями и необходимости достижения определенного результата /1/.

Готовность человека к успешным действиям складывается из его личностных особенностей, уровня подготовленности.

На основании определения психологической готовности преподавателя к педагогической деятельности видно, насколько важное место в ней занимает **мотивационный аспект**, составляющий побудительную сторону поведения человека, обеспечивающий ее активность и направленность.

В структуре личности мотивация занимает особое место и является основным понятием, используемым для объяснения движущих сил поведения и деятельности человека. Теоретическая определенность и

однозначность взглядов на явление мотивации еще далеки от своего завершения. Это, в частности, отражается на многозначности определений основных понятий этой области психологии, таких как потребность, мотив, мотивация /6/.

Потребность – состояние индивида, создаваемое испытываемой нуждой в объектах, необходимых для его существования и развития, и выступающее источником его активности.

Мотивация – побуждения, вызывающие активность организма и определяющие ее направленность.

Мотив – побуждения к деятельности, связанные с удовлетворением потребностей субъекта; совокупность внешних и внутренних условий, вызывающих активность субъекта и определяющих ее направленность; побуждающий и определяющий выбор направленности деятельности; осознаваемая причина, лежащая в основе выбора действий и поступков личности; материальный или идеальный предмет, который побуждает и направляет на себя деятельность или поступок и ради которого они осуществляются /6/.

В литературе мотив понимается как осознанная потребность, как предмет потребности (А.Н. Леонтьев /7/) и отождествляется с потребностью (П.С. Симонов /8/).

В содержании мотива можно выделить как специфическое, индивидуально неповторимое, определяемое конкретной ситуацией, так и устойчивое, для которого данный конкретный предмет или явление не более чем одна из возможных форм воплощения. Такое устойчивое предметное содержание характеризует уже не столько сам предмет, сколько потребности человека, его интересы и устремления.

Для результативной педагогической деятельности преподавателей большое значение имеет их руководство **мотивацией на успех** /9/.

Мотивация на успех относится к позитивной мотивации. При такой мотивации человек, начиная дело, имеет в виду достижение чего-то конструктивного, положительного. В основе активности человека лежит надежда на успех и потребность в достижении успеха.

Такие люди обычно уверены в себе, в своих силах, ответственны, инициативны и активны. Их отличает настойчивость в достижении целей, целеустремленность.

Мотивация на неудачу относится к негативной мотивации. При данном типе мотивации активность человека связана с потребностью избежать срыва, порицания, наказания, неудачи. Вообще в основе этой мотивации лежит идея избегания и идея негативных ожиданий. Начиная дело, человек уже заранее боится возможной неудачи, думает о путях избегания этой гипотетической неудачи, а не о способах достижения успеха.

Люди, мотивированные на неудачу, обычно отличаются повышенной тревожностью, низкой уверенностью в своих силах. Стараются избегать ответственных заданий, а при необходимости решения сверхответственных

задач могут впадать в состояние, близкое к паническому. По крайней мере, ситуативная тревожность у них в этих случаях становится чрезвычайно высокой. Все это, вместе с тем, может сочетаться с весьма ответственным отношением к делу /10/.

Особое значение имеют работы, в которых готовность рассматривается не только как психическое состояние, но и как проявление устойчивой характеристики личности. Такая готовность является существенной предпосылкой успешной деятельности и относится к длительной или устойчивой готовности, имеет определенную структуру: положительное отношение к виду деятельности, в том числе профессиональной, адекватные требованиям к профессиональной деятельности, черты характера, способности, темперамент, мотивацию, а также необходимые знания, умения, навыки.

Ряд ученых, исходя из понятия «психической готовности» к педагогической деятельности, рассматривают в своих исследованиях понятие «профессиональной готовности». Так, К.М. Дурай-Новикова /11/ отмечает, что профессиональная готовность является результатом воспитания и самовоспитания, выступая не только в виде длительного, достаточно устойчивого психического состояния, но, прежде всего как качество личности. Компонентами профессиональной готовности автором выделяются мотивационный, познавательный-оценочный, эмоционально-волевой, операционно-действенный, мобилизационно-неустойчивый.

Н.Д.Хмель определяет готовность к профессиональной деятельности как единство трех компонентов, взаимосвязанных между собой: личностного, содержательного, процессуального/12/ .

В.А.Сластенин определяет профессиональную готовность педагога к деятельности как совокупность профессионально обусловленных требований к нему, выделяя при этом 3 комплекса: общегражданские качества; качества, определяющие специфику педагогической профессии; специальные умения и навыки/13/ .

Таким образом, ряд ученых обращается к проблеме психологической готовности учителя к педагогической деятельности. Но даже на основании вышеперечисленных характеристик этого феномена можно сделать вывод о том, что это **сложная динамическая система, включающая интеллектуальные, эмоциональные, мотивационные, волевые стороны психики, осознанные и неосознанные установки, модели вероятного поведения /14/, определение оптимальных способов деятельности, оценку возможностей учителя в их соответствии с предстоящими трудностями и необходимости достижения определенного результата.**

Литература

1. Урунбасарова Э.А. *Психологические основы духовно-нравственного воспитания: Учебное пособие.* – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2009.

2. Дьяченко М.И., Кондыбович Л.А. *Готовность к деятельности в напряженных ситуациях: психологический аспект.* – Л.: Университетское, 1985.
3. Платонов К.К. *О системе психологии.* – М., 1972. – С. 136-139.
4. Зимняя И.П. *Педагогическая психология.* – Ростов-на-Дону, 1997.
5. Кузьмина Н.В. *Методы исследования педагогической деятельности.* – Л., 1970.
6. Маслоу А. *Мотивация и личность* // А. Маслоу. – 3-е изд. – СПб.: Питер, 2003. – С. 51.
7. Леонтьев А.Н. *Избранные психологические произведения: В 2-х т.* – М., 1983. – 725 с.
8. Симонов В.П. *Диагностика личности и профессионального мастерства преподавателя.* – М., 1995.
9. Урунбасарова Э.А. *Личностно-деятельностный подход как психологическая основа организации*//Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Психология». – 2009. - №1(14).
10. Божович Л.Б. *Личность и ее формирование в детском возрасте.* – М., 1968. – 318 с.
11. Дурай-Новикова К.М. *Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: Дис... д.п.н.* – М., 1987.
12. Хмель Н.Д. *Теоретические основы профессиональной подготовки учителя: Дис. ... д.п.н.* – Алма-Ата, 1986.
13. Сластенин В.А. *Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки.* – М., 1976.
14. Намазбаева Ж.И. *Практическая психология в вузе: Учебное пособие.* – Алматы, 2010.

Түйін

Бұл мақалада, жоғарғы оқу орнының оқытушыларының кәсіби дайындығының ерекшеліктерін қарастырады.

Summary

The article elucidates the questions of high school teacher's professional preparedness.

ДЕПРЕССИЯСЫ ЖОҒАРЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ УАҚЫТ ПЕРСПЕКТИВАСЫН ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Е. Оспанова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты, психология мамандығы

Қазіргі нарықтық экономика заманында, саясатта, идеологияда өзгерістер қарқынды жүруде. Осыған байланысты ЖОО – на студенттің алдына қойылатын талаптар жоғары болады. Алайда, кейбір жастардың заман талабына адекватты жауап бере алмай, соның салдарынан депрессиялық қалыпқа түседі.

Бірінші курстардың оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктеледі екен: кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер; кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық, мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға ашылуын педагогтардың талап етуі, жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың оптималды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспект жасай алмау, алғашқы еңбек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық.

Депрессияны зерттеудің келешегі туралы ойлана отырып, қазіргі сәтте бар бағыттарды тізіп шығуға болады. Мысалға, психоаналитикалық зерттеулердің, жете зерделеулердің маңызды бағыттарының бірі депрессияның әртүрлі типтерін (немесе депрессиялы тұлғаның типтерін) бөліп көрсетуге болады.

Депрессияларды зерттеудегі психоаналитикалық тұрғы депрессиялық симптом кешенін қалыптастырған кездегі аффективтік радикалдың біріншілігіне негізделеді және өзінің дамуын Фрейдтің нысанды жоғалту, өзінің Мені саласындағы шығын туралы идеясынан алады. Ең жалпы түрінде депрессияға деген психоаналитикалық тұрғы З. Фрейдтің «Уайым және меланхолия» атты классикалық еңбегінде тұжырымдалған. З. Фрейдтің пікірінше, аза шегудің қалыпты реакциясы мен клиникалық көрініс тапқан депрессияның феноменологиялық ұқсастығы бар. Аза тұтудың міндеті либидонозалық елігудің жоғалтылған нысаннан өзіне қарай уақытша көшіруден және осы нысанмен символдық өзін-өзі идентификациялаудан тұрады [2].

Психоаналитикалық тұрғының тағы бір өкілі Ш. Радо болып табылады. С. Радо (1968) депрессиялардың қалыптасуында үлкен рольді өзін-өзі бағалау ерекшеліктері ойнайтындығын көрсетті. Мысалға, депрессиялық аурулар өздерінің нарцисстік өзін-өзі бағалауын ұстап тұру үшін сырттан жасалған қолдауды қажет етеді. Олар нысандарды – қолдау көрсету көздерін жоғалтқан кезде қатты ашуға батады. Интрапсихикалық тұрғыдан бұл қатты

ашу Супер-Эгода интроецияланған нысанның бір бөлігін осы нысанның Эгода интроецияланған екінші бөлігінен бөліп тастау әрекеті ретінде көрініс табады, осылайша, автор қосарланған интроекцияның бірегей конструкциясын алға тартты [1].

С.Блатт та депрессияны зерттеудегі психоаналитикалық тұрғының өкілі болып табылады. С. Блатт депрессияның белгілі бір тұлғалық факторлармен тығыз байланысты екі түрінің: аналитикалық (тұлғааралық тәуелділікпен байланысты) және интроективтік (жоғары өзін өзі сынаушылықпен байланысты) түрлерінің бар екендігі туралы болжамды алға тартады [1].

Келесі когнитивті – бихевиористік тұрғыда зерттелінген А.Т. Бэкстің теориясын айтып кетуге болады.

Депрессияның когнитивтік үлгісі жүйелі клиникалық бақылаулар мен эксперименттік зерттеулердің нәтижесі болып табылады (Beck, 1963, 1964, 1967). Дәл осы клиникалық және эксперименттік тұрғылардың үйлесімі осы теориялық үлгіні құруды және когнитивтік терапия принциптерін тұжырымдауды мүмкін етті.

Когнитивтік үлгіде депрессияның психологиялық құрылымын түсіндіретін үш спецификалық түсінік бар: 1) когнитивтік триада (үш таған); 2) схемалар 3) когнитивтік қателер (ақпаратты қате өңдеу) [1].

Когнитивтік триада (үш таған) концепциясы. Когнитивтік триада (үш таған) пациенттің өзіне, өзінің келешегіне және өзінің ағымдағы тәжірибесіне идиосинкраздық қатынасын детерминациялайтын үш негізгі когнитивтік паттерндерден құрылады. Триаданың бірінші құрамдас бөлігі пациенттің өз персонасына деген теріс көзқарасымен байланысты. Пациент өзін кеміспін, адекватты емеспін, жазылмастай сырқатпын немесе шеттетіліп тасталғанмын деп есептейді. Өз сәтсіздіктерін ол өзінде бар-мыс психологиялық, рухани немесе физикалық кемшіліктермен түсіндіруге бейім келеді. Пациент осы бір алдамшы ақаулары, кемшіліктері өзін түкке жарамсыз, ешкімге керегі жоқ жан еткендігіне сенімді, ол осы кемшіліктері үшін өзін үнемі кінәлайды және тілдеп отырады. Және, ақыр соңында, ол өзін адамға бақыт пен қанағаттанғандық сезімін әкелетіннің барлығынан жұрдаймын деп есептейді.

Когнитивтік триаданың екінші құрамдас бөлігі өзінің ағымдағы тәжірибесін теріс интерпретациялауға деген бейімділік болып табылады. Пациентке қоршаған әлем өзіне шамадан тыс талаптар қоятын және/немесе өмірлік максаттарына қол жеткізу жолында жеңе алмайтын кедергілер келтіретін секілді болып көрінеді. Ортамен өзара әрекеттесудің кез келген тәжірибесінде оған тек жеңілістер мен айырылулар, шығындар көрінеді. Пациент шындыққа көбірек жанасатын альтернативалық түсіндірмелер бар болған кезде жағдайды теріс түсіндірген кезде, осы түсіндірмелердің біржақтылығы және қателігі әсіресе айдан анық болып тұрады. Егер оны осы бір ондырақ түсіндірмелерді ой елегінен өткізуге нандыра алсақ, ол, бәлкім, жағдайды бағалауда объективті емес болғандығын мойындайтын шығар. Осылайша, пациентті оның фактілерді алдын ала қалыптасқан теріс ой тұжырымдарына әкеле отырып, фактілерді бұрмалап келгендігін ұғынуға

жетелеп әкелуге болады.

Триаданың үшінші құрамдас бөлігі өзінің келешегіне теріс қараумен байланысты болып келеді. Келешекке көз тастай отырып, депрессиялы адам онан тек ауыр сынақтар мен қайғы-қасіреттердің ақыр-соңы жоқ тізбегін ғана көреді. Ол өзінің өмірінің аяғына дейін қиындықтарға, түңілулерге және қиыншылықтарға төзу пешенесіне жазылған деп ұйғарады. Өзінің жақын уақытта істеуі керек істер туралы ойлай отырып, ол сәтсіздікті, жолы болмаушылықты күтеді.

Когнитивтік үлгінің өзге маңызды құрамдас бөлігі схема түсінігі болып табылады. Ол депрессиялы пациенттің, оның өмірінде оңды факторлардың айдан анық бар екендігіне қарамастан, неліктен өзінің теріс, жан ауыртатын, бұзатын идеяларына жармасып қалғандығын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кез келген жағдай, оқиға алуан түрлі стимулдардың орасан көп санынан құралады. Индивид жекелеген стимулдарға таңдаумен жауап береді және оларды паттернге комбинациялай отырып, жағдайды белгілі бір ретпен концептуалдайды. Әртүрлі адамдар дәл бір жағдайды әртүрлі түсіндіруі мүмкін кезде, жеке адам әдетте бір сарынды оқиғаларға өз реакцияларында әдетте дәйекті болып келеді. Біз «схемалар» деп атайтын когнитивтік паттерндердің салыстырмалы тұрақтылығы адамның бір типтес жағдайларды бірдей түсіндіретіндігінің себебі болып қызмет атқарады.

Адам қандай да бір оқиғамен ұшырасқан кезде онда осы оқиғамен байланысты схема белсенді бола бастайды. Схема – бұл ақпаратты когнитивтік түзілімге (вербальды немесе бейнелі көрініске) құюға арналған өзіндік қалып. Белсенді етілген схемаға сәйкес, индивид ақпаратты іріктеп алады, дифференциациялайды және кодтайды. Өзінде бар схемалар матрицасын басшылыққа ала отырып, ол болып жатқан оқиғаларды категориялайды және бағалайды.

Когнитивтік үлгінің үшінші маңызды құрамдас бөлігі ақпаратты дұрыс өңдемеу болып табылады. Пациенттің өзінің теріс идеяларының растығына сенімділігі ойлаудағы келесі жүйелі қателердің арқасында сақталып қалады (Beck, 1967).

1. Ерікті ой тұжырымдары: пациент осы тұжырымдарды қолдайтын факторлар болмаған кезде немесе қарама қарсы фактілердің бар екендігіне қорытындылар мен ойша пайымдаулар жасайды.

2. Таңдамалы абстракциялану: пациент оның елеулірек аспектітерін елеп-ескермей, өзінің қорытындыларын қандай да бір, жағдайдың контексттен жұлынып алынған фрагментіне негіз арта отырып құрады.

3. Генерализация: пациент бір немесе бірнеше оқшауланған инциденттердің негізінде жалпы ереже шығарады немесе жаһандық қорытындылар жасайды және содан кейін барып, алдын ала қалыптасқан қорытындыларды басшылыққа ала отырып, барлық қалған, релевантты және релевантты емес оқиғаларды бағалайды.

4. Асыра бағалау және жете бағаламау: оқиғаның маңыздылығын немесе мәнділігін бағалаған кезде жол берілетін қателердің зор болғандығы

соншалықты, олар фактілердің бұрмалануына алып келеді.

5. Персоналдандыру: осындай байланыстыруға еш негіз болмағанның өзінде де, пациент сыртқы оқиғаларды өз персонасымен байланыстыруға бейім келеді.

6. Ойлаудың абсолютизмі, дихотомизмі: пациент ақырғы шектермен ойлауға, оқиғаларды, адамдарды, әрекеттерді және т.с. екі қарама-қарсы категорияларға, мысалы «жетілген – кеміс», «жақсы – жаман», «әулие – күнәһар» деп бөлуге бейім келеді. Өзі туралы айта отырып, пациент әдетте теріс категорияны таңдап алады [1].

Когнитивтік-жүріс-тұрыстық тұрғыға сондай-ақ Селигманның (1974) үйреніп алған дәрменсіздік теориясы да жатады.

Мартин Селигман дәрменсіздікті бізге сыртқы оқиғалар өзімізге байланысты емес және олардың алдын алу немесе түрін өзгерту үшін біз ештеме де жасай алмайтын секілді көрінген жағдайларда пайда болатын күй ретінде анықтайды.

А.Б. Холмогорова мен Н.Г. Гаранянның аффективтік бұзылулардың көп факторлы үлгісін зерттеген.

А.Б. Холмогорова мен Н.Г. Гаранянның көзқарасы бойынша, қазіргі мәдениетте уайым, қорқыныш, агрессия түріндегі бастан кешірілетін теріс эмоциялардың жалпы санының өсуіне ықпал ететін және бір уақытта оларды психологиялық өңдеуді қиындата түсетін айтарлықтай спецификалы психологиялық факторлар бар. Бұл социумда ынталандырылып отыратын және кеңірек социумның көрініс табуы ретінде көптеген отбасыларында ұстанылатын ерекше құндылықтар мен нұсқаулар, мақсаттар. Кейініректе бұл мақсаттар, нұсқаулар, эмоциялық бұзылуларға психологиялық бейімділікті немесе осалдықты құра отырып, жеке сананың игілігі бола бастайды [3].

Депрессиясы жоғары студенттер тығырықтан шығатын жол таппағандықтан, суицидке де барады.

Қазақстанның әрбір ЖОО- да өзінің өзі өлімге қиған студенттер аз емес. Бұл етек жайған жағдай қазіргі жастардың депрессиялық қалып деңгейі жоғары екенін айқын көрсетеді. Алайда, студенттердің депрессиялық жағдайын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеген еңбек Қазақстандық ғылымда жоқтың қасы. Тек студент жастардың мазасыздануына байланысты депрессиялық қалыпты Ниетбаева Г.М. қарастырады.

Жалпы адамның жас ерекшеліктеріне, жынысына т.б. көптеген параметріне байланысты депрессиялық көріністер болатындығы белгілі. Ал, біздің зерттеуде уақыт перспективасына байланысты жастардың депрессиялық қалпы қарастырылады.

«Уақыт перспективасы» концепциясы 1939 жылы Л. Фрэнктің адамның өткенін, қазіргісін және келешегін қосатын «тіршілік кеңістігін» баяндаған кездегі жарияланымынан кейін кеңінен қолданыла бастады. Уақыт перспективасы – бұл «адамның тіршілік етуінің динамикалық базалық

қасиеті. Өткен мен келешек – бұл жүріс-тұрыстың екі аспектісі... Келешек қазіргімен детерминацияланады, қазіргіні өткен бақылап отырады, бірақ өткен келешектің оның құндылықтарын қазіргіге салатынды құрады» [Бороздина, Спиридонова бойынша цитата, 1998].

Е.И. Головаха уақыт перспективасының параметрлерін өлшеудің оны тұлғаның дамуының және оның өмірлік жолының қолайлы немесе теріс факторы ретінде бағалауға мүмкіндік беретіндігін атап көрсетеді. Автор уақыт перспективасының келесі параметрлерін зерттеді: а) ұзақтық – келешектің оқиғаларының хронологиялық «өріс алуы»; б) ақиқаттық – тұлғаның келешек туралы түсінікте ақиқат пен қиялды бөлуге қабілеттілігі; в) оптимистілік – оң және теріс болжамдардың ара қатынасы; күтілетін оқиғалардың белгіленген мерзімдерде болатынына сенімділік дәрежесі; г) келісімділік - өткеннің, қазіргінің және келешектің оқиғаларының байланыстылығы; д) дифференциалғандық – келешектің дәйекті кезеңдерге: жақын және алыс келешекке бөлінгендік дәрежесі [Головаха, Кроник, 1984] [5].

Ф. Зимбардо «Уақыт перспективасы – бұл адамның өмірлік тәжірибесін өткеннің, қазіргінің және болашақтың уақыттық шеңберлеріне бөлетін когнитивтік процестерден туындайтын психологиялық уақытты құрудағы негізгі аспект болып табылады» деп тұжырымдайды [4].

Сонымен депрессия тақырыбы біздің заманымызда аса көкейкесті. Депрессияны зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар бар, бірақ уақыт перспективасына қатысты депрессиялық құбылыстың студенттердің өмірінде орын алуы Қазақстанда зерттелмеген. Сондықтан біздің зерттеу өзекті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бек А., Раиш А., Эмери Г. *Когнитивная терапия депрессии.* – СПб., 2003.
2. Фрейд З. *Печаль и меланхолия. Психология эмоций. Тексты.* - М., 1984.
3. Холмогорова А.Б., Гаранян Н.Г. *Многофакторная модель депрессивных, тревожных и соматоформных расстройств как основа их интегративной психотерапии.*
4. Зимбардо Ф. *Временная перспектива.*
5. Головаха Е.И., Кроник А.А. *Психологическое время личности.* Киев, 1984.

Резюме

В данной статье рассматривается актуальность исследований временной перспективы у студентов с высоким уровнем депрессий, психоаналитические и когнитивные подходы к депрессиям и понятие о временной перспективе.

Summary

This article explores the relevance of the study time perspective in students with high levels of depression, types of depression and the concept of time perspective.

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Г.Ж.Жамалова –

*Абай Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты,
психология мамандығы*

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері қоғамда көптеген өзгерістер болуда. Бұл өзгерістер өз кезегінде қоғамның барлық саласы бойынша өткен тарихи тәжірибелерді жинақтап, жаңа көзқараспен зерттеуге мүмкіндік беріп, қорытындылауды талап етеді. Осы талап, әсіресе жеткіншектердің психологиялық денсаулығына қатысты барлық мәселелерді толық қамтиды. Өйткені, жеткіншектердің психологиялық денсаулығын қалыпты тұрғыда қалыптастыру өте күрделі үрдіс болып табылады. Сондықтан жас ұрпақтың, яғни жеткіншектердің психологиялық денсаулығының ерекшеліктерін жүйелі түрде қарастыру маңызды мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытта өзінің денсаулығына көңіл бөлуін қалыптастыру туралы мәселе қайта келмейтін құндылық ретінде қоғамның маңызды міндеті болып келе жатыр. Осыған байланысты білім беру мекемелерінің жағдайында денсаулықты сақтау мен нығайту мүмкіндіктерінің мәселесі әр түрлі мамандар өкілдерімен, яғни дәрігер, психолог және педагогтармен кең тұрғыда талқылануда. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарымен қабылданған денсаулық бойынша анықтама осы тарапта физикалық, психикалық, әлеуметтік және рухани негіздерінің бөлінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көптеген жарияламдардың авторлары адамның психологиялық денсаулығы, оның сауалатты өмір сүру туралы айта отырып, тек физикалық және психофизикалық денсаулығына жиі пайымдау жасайды, ал толыққанды денсаулық – адам тұлғасының толық болмысының нәтижесі болып табылатыны туралы маңызды жағдайды көзден таса қалдырады.

Денсаулық – адам өмірінің маңызды құндылықтарының бірі, ол барлық тарих бойы өркениетті даму жолында өзкті болып табылады. Психологиялық денсаулық мәселесі бойынша белгілі көзқарастар, тіпті көне кезеңдерінде тұжырымдалған. Қазіргі кезде психологиялық денсаулық мәселесінің талдауына көңіл аударсақ, оның арнайы әдебиеттердегі 100 астам анықтамалары бейнеленгені байқалады. Қазіргі уақытта зерттеушілер

денсаулықтың түрлері туралы пайымдау жасап, бір пікірге келе алмады. Жеткіншек кезең, баланың психикалық аймағын барлық жағын өзгертетін кезең. Ерекше өзгерістер интеллектуалдық әрекетінің дамуында болып жатады. Жеткіншек кезеңге әсіресе, танымдылыққа ұмытылу, өз пікірінің қалыптасуы, интеллектуалдық мәселелерге шығармашылық көзқараспен қарау тән болып келеді. Сонымен қатар, жеткіншек жаста өзіндік дамуына байланысты дене бітімі өзгеріп, психологиялық дисгармония пайда болады. Бұл өзгерістер жеткіншектердің бойына әр түрлі әрекеттердің пайда болуына әкеліп соғады, яғни оларда шыдамсыздық, дөрекілік, жиі кездеседі. Қызығуында маңызды өзгерістер байқалады және рухани қажеттіліктері дамып, құндылы бағыт иерархиясы, өзіндік дүниетанымы, қоғамға, өзге адамдарға, өзіне көзқарасы қалыптаса бастайды. Жеткіншек кезеңнің ерекше зейінді аудартатын, бұл әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жағдайы, балалалық шақтан ересектік кезеңге өтуі. Осыған байланысты, психикалық ерекшеліктердің өзгеруі және басқа қасиеттердің пайда болуы олардың психологиялық денсаулықтарына түйінделеді.

Адам денсаулығына оның жасайтын таңдауы тікелей әсер етеді. Денсаулыққа жетелейтін таңдаудың алғы шарты болып өзіндік ішкі дүниесіне, яғни Мен «дауысына» сүйенуі саналады, бұл таңдау жасау барысында оны бөліп алуға, тыңдауға, соған еліктеуге мүмкіндік береді.

Психологиялық тұрғыдағы денсаулық деңгейі әлдеқайда күрделі болып табылады. Бұл деңгей аясындағы денсаулық адамның психикалық тұтастығын ерекшелетін тұлғасымен байланысты болады. Психологиялық тұрғыда жеткіншектің саулығы мінез-құлқындағы белгілі бір жағымсыз сипаттарының басым болуы салдарынан, рухани саласындағы ақаулардың салдарынан, құндылықтарды дұрыс таңдамау бағыттары салдарынан және т.б. ауытқуы мүмкін.

Жеткіншектердің психикалық қасиеттері өздері енетін қоғамдық қатынастардан тыс бола алмайды. Жеткіншек бұл деңгейде алдымен қоғамдағы тіршілік иесі ретінде көрінеді. Яғни, әлеуметтік жүйеде жеткіншектің денсаулығына қатысты ықпалдары жайлы мәселелер алдыңғы шетке шығады. Психикалық саулығы алуан түрлі әлеуметтік ықпалдарға душар болады, оның ішінде, отбасындағы, достарымен, туыстарымен қарым-қатынастарындағы, жұмысындағы, бос уақытындағы, діни және басқа да ұйымдармен қатынасындағы. Бұл ықпалдардың жағымды да, жағымсыз да сипатта болуы мүмкін. Психикасы сау адамдар ғана әлеуметтік жүйеде өздерін белсенді сезіне алады. Тәрбиенің дұрыс болмауы мен қоршаған ортаның жағымсыз болуы адамның қоғамда өзін-өзі дұрыс ұстамауының, тұлғаның бұзақылық сипатта дамуының себебі болып табылады. Психика саулығы мәселесіндегі оның көрсеткіштері туралы мәселелер өзекті болып саналады. Психикалық саулығын сипаттау үшін оның айқындалуының жекелеген сипаттамалары ұсынылатын мысалдар әдебиеттерде жиі кездеседі. Соның ішінде психикалық тепе-теңдік көрсеткішіне аса назар аударған

дұрыс. Ол арқылы адам психикасының қызмет ету сипатын жан-жақты қарастыруға болады.

Сонымен, қазіргі кезде «психологиялық денсаулық» ұғымына қатысты анықтамалар көп. Психологиялық денсаулық алуан түрлі психикалық қасиеттер мен үрдістердің тепе-теңдік күйі, оларды меңгеру біліктілігі, адамның әлеуметте өзін-өзі үйлесімді ұстауы үшін оларды дұрыс пайдаланып дамытуы деп қарастыратын көзқарас бізге жақынырақ болып табылады.

Психология ғылымында психологиялық денсаулық ұғымының мазмұны, оны арттырудың жолдары зерттеушілердің назарын аударды. Әдебиеттерде жасалған талдау «Психологиялық денсаулық» ұғымының бір мәнді анықталмайтындығын көрсетті. Мәселен, И.А. Дубровина /1/ тұлғаның жабығуы, мазасыздануы, депрессиялық қалыпқа түсуі. Оның психологиялық денсаулығын айқындайтының жазады. Осы тұлғалық мәселелерді Б.С.Братусь «Психологиялық денсаулық» - деп атады /2/. О.И. Даниленко «тұлғаның физикалық соматикалық денсаулығына байланысты психиканың рөлін көрсетіп, жанның сұлулығы» деген ұғымды нақтылайды /3/. А.Р.Ерментаеваның «Жан сұлулық» ұғымы субъективтілік дамуға қатысты қарастырылады. Бұл зерттеуші жастардың А. Субъективтілік қылықтарын маникуалдық, әлсіздік қылықтарды жан сұлулықтың ауытқуы деп түсіндіреді. Жан сұлулықтың нығайтудың жолы ретінде тұлғаны психолизацияландыру, рухани негіздегі субъективтік технологиясын ұсынады.

Психологияда алғаш рет З. Фрейд /4/ өз еңбектерінде «психикалық денсаулықты қарастырып, психикалық ауытқуларды, тұлғаның ішкі қатығысының себеп салдары» деп көрсетті. З. Фрейдтің айтуынша барлық теріс эмоционалды күйлер қатығысының субъективті көрінісі. Бұл адамның өз алдында қойған мақсатына жетілуіне қиыншылық туындаған пайда болады.

Психологиялық денсаулыққа қатысты мәселелер әр түрлі ғылым мен тәжірибе саласындағы көптеген зерттеушілерді қызықтырған және әлі де қызықтырып келеді. Сондықтан да, жеткіншектердің психологиялық саулығы мен жалпы денсаулығына әсер етуші ықпалдарды зерттеу қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жеткіншектердің психологиялық саулығына әсер етуші ықпалдарды түбегейлі әрі айқын анықтаудағы бүгінгі күні орын алып жатқан жұмыстар оларды жағымды тұрғыда өзгертудің неғұрлым дұрыс жолын анықтауға, ықпал етудің қолайлы әдістері мен тиімді технологияларын таңдап алуға, жеткіншектердің психологиялық саулығына әсер етуші жеткіншектер мен жанұялардың алуан түрлі дәрежелеріне қатысты дара тұрғыдан қарауды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Денсаулық психологиясы өзінің қалыптасуы барысында гуманистік психология көздеген, психология ғылымының дамуындағы ұстанымы бөлек жолды - «адам және адами бет-әлпет психологиясы» деген жаңа ғылымның

қалыптасуы жолын – жалғастыруда. Дәл осы гуманистік психология ғана денсаулыққа біртұтастық көзқараспен қарайды. Ол физикалық және психологиялық денсаулықты адамның мақсатымен, қажеттілігімен және бағалы құндылықтарымен байланыстыра отырып қарастырады. Денсаулық психологиясының тұрақты болуы адамның мінез-құлқын терең талдаумен қатар, әрбір жеке адамның алатын биіктігін зерттеумен де анықталуы мүмкін.

Денсаулыққа қол жеткізетін жеке бағытын құрастыру үшін денсаулыққа қатысты психологиялық құзырды дамыту қажет және де өзіндік өмір сүру сапасын – субъективтік қабылдау барысындағы психологиялық, эмоциялық және физикалық сипаттағы шектік көрсеткіштерді – түбегейлі өзгету мүмкін. Өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіші болып адамның маңайындағы әлеуметтік жағдайға қатысты жеке уайымдары болып саналады. Сондықтан да, өмір сүру сапасы мәдениет сапасынан, экология сапасынан, білімділік сапасынан, қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрғыдан ұйымдастырылуы сапасынан, адамның сапалық сипатынан тұратын белгілі бір үлкен жүйе ретінде айқындалады. Өмір сүру сапасын адамның өмір сүруі жағдайларының объективтік және субъективтік көрсеткіштерінің шектік сипаттамалары ретінде зерттеу барысында денсаулықты сақтауға қажетті өмір сүру сапасының субъективтік бағалануының маңыздылығы анықталады.

Денсаулыққа қатысты көзқарас адамдардың денсаулығына ықпал ететін немесе керісінше, қауіп төндіретін қоршаған алуан түрлі құбылыстармен тұлғаның жекелеген, таңдамалы байланыстарынан құралған жүйені, сондай-ақ жеке дамның өзіндік психикалық және физикалық күйін белгілі бір дәрежеде бағалауын білдіреді.

А.Ф.Лазурскидің айтуы бойынша, жеткіншектің психологиялық денсаулығы – әлеуметтік ортада өз-өзін басқаруына және іс-әрекетін басқара алуына байланысты. Жан денсаулығының басты көзі ол ойын, эмоциясын, өзін-өзі басқара алуында дейді.

Психологиялық денсаулық өмірдегі әр түрлі оқиғалардың ұштасу дәрежесіне, өзінің субъективтік іс-тәжірибесіне және дүние көрінісін жекеше қалыптастыруына сәйкес болады, адам енетін жалпы әлеуметтік жүйелер санын А.Г.Асломов /5/ оның өзіндік тұлғасының мәнін қалыптастыруы деп айтса, Г.С.Абрамова – тірі сана, жағдайдан тыс мағына деп атайды. Психологиялық денсаулықтың ауытқуы барлық жағдайда бірдей психикалық аурумен анықтала бермейді және ағзадағы өзгерістерге ғана емес, сондай-ақ тұлға дамуына, оның қоғамның әлеуметтік құрамына енуіне қатысты жағдайдың болмауына байланысты болады /6/.

Сонымен, психологиялық денсаулық әр түрлі аурулардың пайда болуына адамның көңіл-күйі, яғни эмоциялық жағдайы әсер етеді. Ол жағымды немесе жағымсыз жағдай болуы мүмкін. Осы арқылы әлеуметтік және биологиялық орны анықталады.

Әдебиеттер:

1. Дубровина И.В. *Психологическая служба в образовании*. – М., 2005.
2. Братусь Б.С. *Аномалии личности*. — М., 1988.
3. Ж.И. Намазбава *Психология және психотерапия*. – Алматы, 2006.
4. Фрейд З. «Я и Оно». — Тб., 1991.
5. Асмолов А.Г. *Психология личности*. – М., 2007.
6. Абрамова Г.С. *Введение в практическую психологию*. - М., 1995. - 22-60с.

Резюме

В статье рассматриваются актуальные проблемы психологического здоровья. Даны характеристики влияния психологического здоровья на психическое развитие в подростковом возрасте.

Summary

The article describes the actual problems of psychological health. The characteristics of its influence on teenagers' psychic development have given in the article.

С о д е р ж а н и е

Шайжанова Қ.Ү. Жазбаша тілді қалыптастыру жолдары арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту.	3
Алина К.Ж., Большунова Н.Я. Психологическая сущность игры дошкольника.	8
Тенкебаева А.З. Психолог және педагог іс-әрекетін оңтайландыру. ...	14
Дүйсенбаева А.О. Оқу процесіндегі студенттердің стресстік жағдайының психологиялық негіздері.	22
Тұрғамбаева Г.С. Бастауыш мектеп жасындағы балалар қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктері.	28
Каракулова З.Ш. Групповая психокоррекционная работа как форма психологической помощи.	32
Ордагулова Д.И. XX ғасырдың атақты психологтары ғылым әдіснамашылары ретінде.	38
Жумағалиева Б.К. Отношение к возрождению этнических традиций семейного уклада казахов.	44
Ташимова Ф.С. Субъект как носитель многоликого мира и интегратор целостности «человек».	52
Ризулла А.Р. Особенности понимания счастья в работах А.Адлера. ...	64
Касымова Г.М. Модель консультативно-методической помощи применения игровой терапии в дошкольной организации образования.	74
Ерментаева А.Р., Тенкебаева А.З. Білім берудегі психологтің педагог пен кәсіби бірлескен іс-әрекеті.	80
Лавриненко Н.С. К вопросу профессиональной готовности преподавателя высшей школы.	84
Оспанова А.Е. Депрессиясы жоғары студенттердің уақыт перспективасын зерттеу ерекшелігі.	92
Жамалова Г.Ж. Жеткіншектердің психологиялық денсаулығының зерттеу өзектілігі.	97

ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК
«Психология» сериясы. Серия «Психология»
№ 1 (26), 2011 г.

Печатается методом прямого репродуцирования

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10103-Ж
Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір. 2001 ж. бастап шығады

Басуға 7.04.2011 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 7,5 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 119.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы

